«БЕКІТІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігінің
Спорт және дене шынықтыру істері
комитетінің төрағасы
_____Р.Б. Есеналин
2026 жылғы «__» _____

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан хоккей федерациясы»
республикалық қоғамдық бірлестігінің
республикалық конференция шешімі
2026 жылғы «__» _____№_____ хаттама
Бас директор
_____А. С. Айтхожин
2026 жылғы «__» _____

2026–2027 МАУСЫМДАҒЫ ҚЫЗДАР КОМАНДАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ QYZDAR HOKEI LIGASY ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ РЕГЛАМЕНТІ

Астана қ.
2026 жыл

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ ЕРЕЖЕЛЕР ... 3

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ... 3

1-ТАРАУ. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ МЕН ОРНЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУ ЖӘНЕ КЕТУ КҮНІ ... 5

1-БАП. АТАУЫ, ӨТКІЗІЛЕТІН ОРНЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ ... 5

2-БАП. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ... 5

3-БАП. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУДІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ... 5

4-БАП. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ ... 6

5-БАП. МАТЧТАРДЫҢ БАСТАЛУ УАҚЫТЫ, МАТЧТАРДЫ КЕЙІНГЕ АУЫСТЫРУ ... 7

6-БАП. ФОРС-МАЖОРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР ... 7

2-ТАРАУ. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ ... 8

1-БАП. ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰРАМЫ ... 8

2-БАП. ҚАТЫСУШЫ КОМАНДАЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ ... 9

3-БАП. ЧЕМПИОНАТ КЕСТЕСІ ... 9

4-БАП. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУ ҚҰРЫЛЫМЫ ... 9

5-БАП. МАТЧТЫ ӨТКІЗУ ФОРМАТЫ ... 10

6-БАП. ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫ ХОККЕЙ КЛУБТАРЫНЫҢ/МЕКТЕПТЕРІНІҢ/БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ, ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ ... 11

7-БАП. ЧЕМПИОНАТ МАТЧТАРЫН ҚАБЫЛДАЙТЫН КЛУБҚА/МЕКТЕПКЕ/БӨЛІМШЕГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ... 19

3-ТАРАУ. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ... 21

1-БАП. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ... 21

2-БАП. ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ... 21

4-ТАРАУ. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ ... 21

1-БАП. ХОККЕЙ КЛУБТАРЫ/МЕКТЕПТЕРІ/БӨЛІМШЕЛЕРІ КОМАНДАЛАРЫНЫҢ ӨТІНІМІ ... 22

2-БАП. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ ... 24

3-БАП. ЧЕМПИОНАТТАҒЫ ТӨРЕШІЛІК ... 24

4-БАП. ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАРЫ ... 32

5-ТАРАУ. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ ... 32

1-БАП. НӘТИЖЕЛЕРДІ АНЫҚТАУ ... 32

2-БАП. ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ҮЗДІК ОЙЫНШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ ... 34

6-ТАРАУ. НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ ... 35

1-БАП. НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ ТӘРТІБІ МЕН НЕГІЗДЕРІ ... 35

ХОККЕЙШІЛЕРГЕ, ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРҒА ЖӘНЕ КОМАНДА ӨКІЛДЕРІНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘРТІПТІК БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН САНКЦИЯЛАР ТІЗБЕСІ ... 37

КІРІСПЕ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. «Қазақстанның хоккей федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – ҚХФ) «шайбалы хоккей» спорт түрі бойынша аккредиттелген республикалық спорт федерациясы болып табылады. Ол осы спорт түрін дамыту, ресми спорттық жарыстарды ұйымдастыру және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Халықаралық шайбалы хоккей федерациясының (IIHF) нормативтік құжаттарымен берілген өзге де өкілеттіктерді іске асыру жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

2-бап. Осы Регламент Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, ҚХФ Жарғысына сәйкес, IIHF нормалары мен талаптарын ескере отырып әзірленді және қыздар командалары арасындағы шайбалы хоккейден Қазақстан Республикасының QYZDAR HOKEI LIGASY чемпионатын (бұдан әрі – Чемпионат/Жарыс) өткізудің бірыңғай тәртібі мен шарттарын, қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

3-бап. Осы Регламент Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 38-бабының 6-тармағында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен күннен бастап күшіне енеді. Осы Регламентке өзгерістер және (немесе) толықтырулар уәкілетті орган бекіткен Спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларында белгіленген тәртіппен енгізіледі және Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің бекітуіне жатады.

4-бап. Осы Регламентпен реттелмеген барлық жағдайларда IIHF Хоккей ойынының қағидалары, ҚХФ-ның өзге де нормативтік құжаттары және Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады. Осы Регламенттің ережелері мен Қазақстан Республикасының заңнамасы арасында қайшылық болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

Спорттық санкциялар мен тәртіптік жазаларды қолдану тәртібі осы Регламенттің қосымшаларында келтірілген.

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Регламентте мынадай негізгі ұғымдар, терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

ҚР ТСМ СДШІК – «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті» мемлекеттік мекемесі (дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның ведомствосы).

ИИХФ (IIHF) – Халықаралық шайбалы хоккей федерациясы.

ҚХФ – барлық құрылымдық бөлімшелерін қоса алғанда, Чемпионатты/Жарысты ұйымдастырушы болып табылатын «Қазақстан хоккей федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі.

1. Чемпионат құрылымы:

ЧЕМПИОНАТ (Жарыс) – Спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген 2026–2027 маусымындағы қыздар командалары арасындағы шайбалы хоккейден «QYZDAR HOKEI LIGASY» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ ресми республикалық спорттық жарысы.

МАТЧ – Чемпионат аясында екі Команда арасында өткізілетін хоккей матчы.

- **«Үйдегі матч»** – «алаң иесі» Команда өз хоккей клубына/мектебіне/бөлімшесіне бекітілген спорт ғимаратында өткізетін матч.
- **«Қонақтағы матч»** – қарсылас Команданың спорт ғимаратына келген Команда үшін өткізілетін матч.

2. Ресми тұлғалар мен төрешілік:

ХОККЕЙ КЛУБЫ/МЕКТЕБІ/БӨЛІМШЕСІ – дене шынықтыру және спорт субъектісі болып табылатын, ҚХФ Жарысқа қатысуға жіберген және ҚХФ-мен тиісті Қатысу туралы шарт жасасқан, кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы дене шынықтыру-спорт ұйымы.

КОМАНДА – Жарысқа қатысатын хоккей клубының/мектебінің/бөлімшесінің спорт командасы.

КӘСІБИ ХОККЕЙШІ (ХОККЕЙШІ) – шайбалы хоккеймен айналысу негізгі қызмет түрі болып табылатын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалған Еңбек шарты, Спорттық қызмет туралы шарт не сынақ келісімшарты негізінде Хоккей клубымен/мектебімен/бөлімшесімен қарым-қатынаста болатын спортшы әйел.

РЕСМИ ТҰЛҒАЛАР – ҚР ТСМ СДШІҚ, ҚХФ өкілдері, Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің қызметкерлері, сондай-ақ ұйымдастырушы Чемпионатты ұйымдастыру және өткізу функцияларын орындауға уәкілеттік берген өзге де тұлғалар.

ТӨРЕШІ – ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 1-бабының 34) тармақшасына сәйкес Хоккей ойынының қағидалары мен осы Регламентке сай матчқа төрешілік етуге уәкілетті, аттестаттаудан өткен және ҚХФ тағайындаған спорт төрешісі, жеке тұлға.

ИНСПЕКТОР – матчты ұйымдастыру және өткізу кезінде хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің және төрешілердің осы Регламент талаптарын сақтауын бақылау, сондай-ақ төрешілік сапасын бағалау үшін ҚХФ тағайындаған ресми тұлға.

3. Инфрақұрылым:

СПОРТ ҒИМАРАТЫ (дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараты) – шайбалы хоккейден ресми жарыстарды өткізуге арналған, ИИХФ Хоккей ойынының қағидалары мен осы Регламенттің талаптарына сәйкес келетін және ҚХФ Чемпионат матчтарын өткізуге рұқсат берген арнайы жабдықталған нысан (Спорт сарайы, жабық Мұз аренасы немесе көрермендерге арналған трибуналары бар өзге спорт ғимараты).

4. Ресми құжаттар мен қағидалар:

РЕГЛАМЕНТ (ЕРЕЖЕ) – 2026–2027 маусымындағы Қазақстан Республикасының «QYZDAR HOKEI LIGASY» Чемпионатын өткізу туралы Ереже болып табылатын, Чемпионаттың мақсаттарын, міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін, қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, спорттық санкциялар жүйесін және өзге шарттарды айқындайтын осы құжат.

ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ШАРТ – ҚХФ мен Хоккей клубы/мектебі/бөлімшесі арасында жасалатын, тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерін, қатысудың қаржылық шарттарын, өтінім жарналарының мөлшерін, мүліктік жауапкершіліктің (ақшалай айыппұлдардың) жағдайлары мен мөлшерін, ақшалай міндеттемелерді орындау тәртібін, сондай-ақ Жарысқа қатысу шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілікті айқындайтын азаматтық-құқықтық шарт.

ІІНҒ ХОККЕЙ ОЙЫНЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ – Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Регламентке қайшы келмейтін бөлігінде Чемпионатты өткізу кезінде қолданылатын 2026–2027 маусымының IIHF ресми қағидалар кітабы.

МАТЧТЫҢ РЕСМИ ХАТТАМАСЫ – матч нәтижесін, командалар құрамын, соғылған шайбаларды, жарақат алу фактілерін, матчтың өзге оқиғаларын, сондай-ақ қолданылған спорттық санкциялар мен төрешілердің ерекше ескертулерін тіркейтін ресми құжат.

1-БӨЛІМ. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ МЕН ОРНЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУ ЖӘНЕ КЕТУ КҮНІ

1-БАП. АТАУЫ, ӨТКІЗІЛЕТІН ОРНЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

1.1. **Спорттық жарыстың атауы:** 2026–2027 жылдар маусымындағы «Қыздар командалары арасындағы шайбалы хоккейден «QYZDAR HOKEI LIGASY» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «QYZDAR HOKEI LIGASY» ЧЕМПИОНАТЫ».

1.2. **Өткізілетін орны:** Алматы қ., Астана қ., Қарағанды қ., Өскемен

1.3. **Өткізу кезеңі:** 2026 жылғы 25 қазаннан 2027 жылғы 30 сәуірге дейін.

1.4. Чемпионаттың барлық матчтарын өткізу мерзімдері ҚХФ бекітетін Чемпионат матчтарының күнтізбесінде айқындалған.

1.5. Чемпионаттың күнтізбесі мен құрылымын түзету Чемпионатқа қатысушылар саны өзгерген немесе форс-мажор болған жағдайда ғана мүмкін.

Бірінші және екінші кезең матчтарының күнтізбесін ҚХФ әзірлейді және қатысушылар құрамы бекітілгеннен кейін, Чемпионат басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей хоккей мектептеріне/бөлімшелеріне хабарлайды.

1.6. Күнтізбе мынадай негізгі қағидаттар негізінде әзірленеді:

- Қазақстан Республикасының шайбалы хоккейден ұлттық командаларындағы оқу-жаттығу процесінің мүдделерін сақтау және Қазақстан Республикасының ұлттық командаларының халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;
- матчтар өткізілетін орындарға баруға жұмсалатын көлік шығындарын азайтуда хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің мүдделерін сақтау.

2-БАП. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Чемпионат мынадай мақсаттарда өткізіледі:

- әр жас санаты бойынша Қазақстан Республикасының әйелдер құрама командаларын жасақтау үшін перспективалы ойыншыларды анықтау және толыққанды резерв даярлау;
- балаларды шайбалы хоккеймен, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға жаппай тарту;
- Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер шайбалы хоккейін насихаттау және дамыту;
- спорттық резервті даярлау бойынша спорт/хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің жұмыс сапасы мен тиімділігін арттыру;
- Қазақстан Республикасында шайбалы хоккейді басқарудың біртұтас жүйесін қалыптастыру; жаттықтырушы кадрларды даярлау деңгейін арттыру.

Ескертпе: Жарыстар барлық қолда бар командалардың қатысуымен өткізіледі (облыстарда және/немесе республикалық маңызы бар қалаларда өткізілетін чемпионаттар, кубоктар, турнирлер, спартакиадалар және т.б.).

3-БАП. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУДІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1. Чемпионатты ұйымдастыруға жалпы басшылықты және бақылауды Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті ҚХФ-мен бірлесіп жүзеге асырады.

3.2. Чемпионатты ұйымдастыру, өткізу және оның өткізілуін бақылау жөніндегі тікелей жұмысты ҚХФ жүзеге асырады.

3.3. ҚХФ құқылы:

1) Клубтардың/мектептердің/бөлімшелердің қызметінің негізгі көрсеткіштеріне мониторинг жүргізуге (бекітілген тізбе бойынша);

2) ҚХФ нормаларын орындау мәселелері, оның ішінде қаржы-шаруашылық қызметі бойынша Клубтарға/мектептерге/бөлімшелерге негізделген жазбаша сұрау салулар жіберуге;

3) Клубтардың/мектептердің/бөлімшелердің қызметіне тақырыптық тексерулер жүргізуге, бұл ретте тексеру басталғанға дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын жазбаша хабарлама жіберуге.

3.4. Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің, хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің басшылары мен өзге

лауазымды тұлғаларының, төрешілер мен инспекторлардың, сондай-ақ ҚХФ ресми тұлғаларының осы Регламент ережелерін сақтау мәселелері бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін ҚХФ шарттық негізде сарапшы ұйымдар мен сарапшыларды тартуға құқылы.

3.5. Осы Регламентпен реттелмеген жағдайлар туындаған кезде ҚХФ олар бойынша жедел шешімдер қабылдауға құқылы. Бұл шешімдер Чемпионаттың барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылады, олар туралы кейіннен Хоккей клубтарына/мектептеріне/бөлімшелеріне хабарланады. Аталған шешімдерге белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

3.6. Чемпионатты өткізудің басталу күнінен ресми нәтижелер жарияланған күнге дейінгі кезеңде туындайтын барлық даулы мәселелерді ҚХФ қарайды, оның ішінде:

- Хоккей клубтары/мектептері/бөлімшелері арасындағы даулар;
- Хоккей клубтары/мектептері/бөлімшелері мен хоккейшілер арасындағы даулар.

3.7. ҚХФ-ның өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдері қабылданған сәттен бастап күшіне енеді және Чемпионаттың барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылады. ҚХФ шешімдеріне шағым жасау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.8. Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің, хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің басшылары мен өзге лауазымды тұлғаларының, төрешілер мен инспекторлардың ҚХФ-мен жедел өзара іс-қимылы мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- *телефон арқылы: +7-7172-72-56-08;*
- *электрондық пошта арқылы: office@icehockey.kz;*
- *пошта арқылы мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Сарыарқа даңғылы, 4, 508-каб., «Қазақстан хоккей федерациясы» РҚБ.*

4-БАП. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

4.1. Чемпионатты ұйымдастырушы ретінде ҚХФ-ның құқықтары төмендегілерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) Чемпионат матчтарын және Чемпионаттың өзге іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

2) төрешілік ету және матчтардың, жалпы Чемпионаттың нәтижелерін анықтау;

3) осы Регламент нормаларын бұзғаны үшін Хоккей клубтарына/мектептеріне/бөлімшелеріне, хоккейшілерге, жаттықтырушыларға, Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің басшылары мен өзге лауазымды тұлғаларына, төрешілерге, инспекторларға осы Регламентте және ҚХФ-ның өзге нормативтік құжаттарында көзделген спорттық санкциялар мен өзге жауапкершілік шараларын қолдану;

4) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін аккредиттеу және Чемпионат матчтарына, сондай-ақ Чемпионат аясында өткізілетін өзге іс-шараларға жіберу;

5) Чемпионат матчтары кезінде өткізілетін рәсімдердің, оның ішінде матчтарды ашу және жабу рәсімдерінің тәртібі мен мазмұнын айқындау;

6) Чемпионат матчтары мен өзге іс-шараларын өткізу үшін спорт ғимараттарын пайдалану;

7) спорт ғимараттарының жарнамалық мүмкіндіктерін, олардың жабдықтарын пайдалану және Чемпионат матчтары мен өзге іс-шаралары кезінде жарнамалық акциялар, промоакциялар, арнайы маркетингтік іс-шаралар өткізу;

8) «Шайбалы хоккейден Қазақстан Республикасының чемпионаты» атауын, логотиптерді, марапаттау атрибутикасын және өзге ресми рәміздерді пайдалану;

9) хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, төрешілердің, инспекторлардың, қызмет көрсетуші персоналдың киім-жабдықтарына жарнама орналастыру, сондай-ақ Чемпионат матчтары мен өзге іс-шаралары кезінде спорт ғимараттарының ішінде, мұз айдынында және борттарда жарнама орналастыру және тарату;

10) Чемпионаттың атауы мен рәміздері бар тауарларды, оның ішінде кәдесый өнімдерін өндіру және өткізу;

11) Чемпионат матчтары мен өзге іс-шараларының фото-, бейне-, теле-, радио- және интернет-трансляцияларын ұйымдастыру, оның ішінде телевизиялық және радиотрансляцияларды, Интернет ғаламдық компьютерлік желісіндегі және ұялы байланыс арналары арқылы трансляцияларды қалыптастыру, өндіру және тарату, сондай-ақ Чемпионат матчтары мен өзге іс-шараларын фотосуретке түсіру құқықтары;

12) Чемпионат матчтарын бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде телевизиялық, радио- және интернет-трансляциялар арқылы жариялау (медиа-құқықтар);

13) жекелеген матчтар мен жалпы Чемпионатқа қатысушылар үшін наградалар дайындауды ұйымдастыру, оларды өндіру және табыстау;

14) Чемпионат демеушілеріне (серіктестеріне, жарнама берушілеріне) ресми мәртебелер беру;

15) Хоккей клубтарын/мектептерін/бөлімшелерін, спортшыларды, жаттықтырушылар мен төрешілерді Чемпионат матчтарына қатысуға жіберу шарттарын айқындау.

4.2. ҚХФ сондай-ақ айрықша емес лицензия шарттарымен мыналарды пайдалануға құқылы:

1) Чемпионат матчтарына қатысатын хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, төрешілер мен инспекторлардың бейнелерін (оның ішінде коммерциялық мақсатта);

2) Чемпионатқа қатысатын Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің тауар белгілерін, логотиптерін және өзге рәміздерін жалпы Чемпионат матчтарына байланысты баспа, бейне, аудио, кәдесый және жарнамалық өнімдерде пайдалану үшін.

5-БАП. МАТЧТАРДЫҢ БАСТАЛУ УАҚЫТЫ, МАТЧТАРДЫ КЕЙІНГЕ АУЫСТЫРУ

5.1. Чемпионаттың барлық матчтары мына уақытта басталуға тиіс:

- жергілікті уақыт бойынша 8:00-ден ерте емес (бірақ 20:00-ден кеш емес).

5.2 Чемпионат матчтары теледидардан көрсетілген жағдайда ҚХФ шешімімен матчтардың басталу уақыты өзгертілуі мүмкін.

5.3 Барлық матчтар Чемпионат күнтізбесінде белгіленген күндер мен уақытта өткізілуге тиіс. Матчты басқа күнге/уақытқа ауыстыруға ерекше жағдайларда жол беріледі:

- форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде;
- матчқа қатысатын командалардың өзара келісімімен, бұл ретте матч өткізілгенге дейін он күннен кешіктірмей ҚХФ-мен міндетті түрде жазбаша келісу қажет.

5.4 Матчты белгіленген күні өткізу мүмкін болмаған жағдайда ҚХФ оны ауыстыру туралы шешім қабылдай алады. Бұл жағдайда матчтың нақты басталу уақытын ҚХФ командалары матчқа қатысуға тиіс Хоккей клубтарымен/мектептерімен/бөлімшелерімен келіседі.

5.5 «Қонақ» команданың хоккей клубы/мектебі/бөлімшесі форс-мажорлық мән-жайлардың туындауы мен сипаты туралы ҚХФ-ға және «алаң иесі» команданың хоккей клубына/мектебіне/бөлімшесіне дереу хабарлауға, оларды еңсеру барысында «қонақ» команданың матч өтетін орынға болжамды келу күні мен уақыты туралы тұрақты хабарлап отыруға тиіс.

5.6 Ауыстырылған матчты немесе матчты қайта өткізудің шығындарын «үй иесі» команда қабылдаушы тарап ретінде толық көлемде көтереді; «қонақ» команда өзінің іссапары мен орналасуына байланысты шығындарды дербес көтереді.

5.7 Форс-мажорлық мән-жайлар салдарынан «қонақ» команда матч өтетін орынға уақтылы келмеген жағдайда, «алаң иесі» Хоккей клубы/мектебі/бөлімшесі матчты сол күні жергілікті уақыт бойынша 21:00-ден кешіктірмей бастау үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға міндетті.

5.8 «Алаң иесі» Хоккей клубының/мектебінің/бөлімшесінің және/немесе спорт ғимаратының кінәсінен техникалық ақаулар (жабдықтың бұзылуы, электр қуатының ажыратылуы, мұз тазалау машинасының, борт есіктерінің ақауы және т.б.) туындаған жағдайда, оларды жоюға «үй иесі» командаға 30 минут беріледі. Белгіленген мерзімде техникалық ақауларды жою мүмкін болмаса, «алаң иесі» командаға 0:5 есебімен жеңіліс жазылады. Мұндай жағдайларда матчты ауыстыруға немесе қайта өткізуге жол берілмейді.

5.9 Қорғаныш әйнегі, оның бекіту элементтері немесе өзге конструкциялар зақымданған жағдайда, зақымдар толық жойылғанға дейін матч дереу тоқтатылады.

Спорт ғимаратының әкімшілігі қорғаныш әйнектері мен бекіту элементтерінің жеткілікті қорын ұстауға және зақымдарды жедел жоюды қамтамасыз етуге міндетті.

Зақымдарды 30 минут ішінде жою мүмкін болмаса, «алаң иесі» командаға 0:5 есебімен жеңіліс жазылады.

5.10 Матчтың басталуына кедергі келтіретін форс-мажорлық мән-жайлар туындаса, матчты ауыстыру белгіленеді. Форс-мажорлық мән-жайлар матчтың жалғасуына кедергі келтірсе, матчтың қалған бөлігін ойнау белгіленеді. Матч өткізілетін орын, күн мен уақыт Хоккей клубтары/мектептері/бөлімшелері мен ҚХФ арасындағы келісім бойынша айқындалады. Матч өтетін орынды таңдаудың басым құқығы «қонақ» командаға тиесілі.

Осы баптың талаптарын бұзғаны үшін айыппұл санкциялары Қатысу туралы шартта айқындалады.

6-БАП. ФОРС-МАЖОРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

6.1. Форс-мажорлық мән-жайлар деп осы Регламент бекітілгеннен кейін туындаған, ҚХФ-ның, қатысушы командалардың, ресми тұлғалар мен Чемпионаттың өзге қатысушыларының еркіне байланысты емес, осы жағдайларда төтенше әрі тойтаруға болмайтын және Чемпионатты толық немесе ішінара өткізуді мүмкін емес ететін оқиғалар танылады.

6.2. Форс-мажорлық мән-жайларға, оның ішінде мыналар жатады:

- дүлей зілзалалар (жер сілкіністері, су тасқындары, дауылдар, өрттер және өзге табиғи апаттар);
- әскери іс-қимылдар, террористік актілер, жаппай тәртіпсіздіктер;
- төтенше немесе соғыс жағдайының енгізілуі;
- уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген эпидемиялар, пандемиялар, карантиндік және өзге санитариялық-эпидемиологиялық шектеулер;
- Чемпионатты өткізуге кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық спорт ұйымдарының шешімдері;
- инженерлік желілердегі авариялар, электр, жылу немесе сумен жабдықтаудың ажыратылуы, матчтарды өткізу мүмкіндігін жоққа шығаратын өзге төтенше жағдайлар;
- Чемпионатқа қатысушылардың еркіне бағынбайтын өзге мән-жайлар.

6.3. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде ҚХФ төмендегі шешімдердің біреуін немесе бірнешеуін қабылдауға құқылы:

- Чемпионаттың немесе жекелеген матчтардың өткізу мерзімдерін өзгерту;
- матчтардың өткізу орнын өзгерту;
- Чемпионат күнтізбесін өзгерту;
- Чемпионатты өткізу форматын өзгерту;
- матчтар санын қысқарту;
- Чемпионатты ауыстыру, тоқтата тұру не мерзімінен бұрын аяқтау.

6.4. Форс-мажорлық мән-жайлар салдарынан «Плей-офф» кезеңін өткізу мүмкін болмаған жағдайда Чемпионат бір кезеңде өткізіледі. Командалар өзара төрт айналымда матчтар өткізеді (өз алаңында және қарсылас алаңында екіден жұптасқан матч). Чемпионат қорытындысы бойынша командалар жинаған ұпай санына сәйкес турнир кестесіндегі орындарға бөлінеді. Бірінші орын алған команда Қазақстан Республикасының Чемпионы атанады, екінші және үшінші орын алған командалар тиісінше күміс және қола жүлдегерлер атанады.

6.5. Егер форс-мажорлық мән-жайлар «Плей-офф» кезеңі басталғаннан кейін туындап, оны аяқтау мүмкін болмаса, ҚХФ Атқарушы комитеті Чемпионатты аяқтау тәртібін айқындауға не Тұрақты чемпионаттың және (немесе) «Плей-офф» кезеңінде ойналған матчтардың нәтижелерін ескере отырып, қорытынды орындарды белгілеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.6. Форс-мажорлық мән-жайлардың туындауына байланысты қабылданатын барлық шешімдер ҚХФ шешімімен ресімделеді және Чемпионаттың барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылады.

2-ТАРАУ. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

1-БАП. ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

1.1. Чемпионатқа қатысушылар құрамы хоккей маусымы басталғанға дейін осы Регламенттің талаптарына сәйкес айқындалады және бекітіледі.

1.2. Чемпионатқа ҚХФ-мен Чемпионатқа қатысу туралы шарт жасасқан, Регламентті сақтауға және ИИХФ, ҚХФ талаптары мен шешімдерін орындауға міндеттенген, Қатысу туралы шартта белгіленген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде жарналар мен өзге төлемдерді уақтылы төлейтін хоккей клубтары/мектептері/бөлімшелері ғана қатыса алады.

1.3. Бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының барлық спорт/хоккей мектептері/клубтары/бөлімшелері үшін Чемпионатқа қатысу міндетті. Командаларды іссапарға жіберуге байланысты барлық шығындарды (екі бағыттағы жол жүру, трансфер, тамақтану және тұру, жолдағы тәуліктік шығындар, команда келген жерден орналасатын жерге дейін және кері, орналасатын жерден ойындар өтетін жерге дейін және кері трансфер) іссапарға жіберуші ұйымдар көтереді.

1.4. Чемпионатқа Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын ойыншылар жіберіледі.

1.5. 2027–2028 жылдар маусымынан бастап спорттық резервті даярлайтын және Чемпионатқа қатысатын командалардың, спорт/хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің жаттықтырушылары ҚХФ аттестаттауынан өтуге тиіс.

1.6. Чемпионат командаларының саны алдыңғы маусымның қорытындысы мен берілген өтінімдер бойынша айқындалады.

1.7. Чемпионатқа хоккейшіге немесе оның ата-анасының біріне/заңды өкіліне Қазақстан Республикасында уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсат берілгенін растайтын құжаты бар, Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінде тұратын шетел азаматтары – ойыншылар жіберіледі; бір ойынға олардың саны 5 ойыншыдан аспауға тиіс. Маусымға арналған жалпы өтінімдегі шетел мемлекетінің ойыншыларының саны 7 адамнан аспауға тиіс. Спортшылар спорттық резерв пен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлайтын спорт/хоккей мектептеріне/клубтарына/бөлімшелеріне, кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы дене шынықтыру-спорт ұйымдарына қабылдануға тиіс.

1.8. Чемпионатқа қатысу үшін бір өңірдің/республикалық маңызы бар қаланың әртүрлі спорт/хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің ойыншыларынан бір құрама хоккей командасы жасақталуы мүмкін. Мұндай команда алдыңғы маусым қорытындысы бойынша Чемпионатқа қатысқан және қатысу құқығын растаған команданың базасында, осы командалар арасында жасалған меморандумдар/келісімдер немесе өзге құжаттар негізінде құрылуы мүмкін.

Бұл ойыншылар тек бір команда үшін ғана өтінімге енгізілуі мүмкін.

2-БАП. ҚАТЫСУШЫ КОМАНДАЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ

1 «TOMIRIS» Астана қ.	**4 «GRATSIYA» Қарағанды қ.**
2 «AISULU» Алматы қ.	**5 «ZHULDYZ» Алматы қ. қ.**
3 «TORPEDO» Өскемен қ.	**6 «ALMATY» Алматы қ.**

3-БАП. ЧЕМПИОНАТ КЕСТЕСІ

3.1. 6 команданың қатысуымен өтетін Чемпионаттың барлық матчтары ҚХФ бекіткен күнтізбеге сәйкес өткізіледі.

4-БАП. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. Чемпионат Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен Спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне сәйкес өткізіледі.

4.2. Чемпионат екі кезеңде өткізіледі:

- 1-кезең – Тұрақты чемпионат;
- 2-кезең – Play-Off

4.3 I кезеңде командалар өзара төрт айналым өткізеді (өз алаңында және қарсылас алаңында екіден жұптасқан матч). Тұрақты чемпионат қорытындысы бойынша командалар жинаған ұпай санына сәйкес турнир кестесіндегі орындарға бөлінеді.

4.4 Екінші кезең олимпиадалық жүйе бойынша өткізіледі және мыналарды қамтиды:

- жартылай финал (2 серия);
- 3-орын үшін серия;
- финалдық серия.

Барлық сериялар (жартылай финал, финал, 3-орын үшін матч) мына схема бойынша өткізіледі:

- 2–1 (алғашқы екі матч Тұрақты чемпионат қорытындысы бойынша жоғары орын алған команданың алаңында, қажет болған жағдайда үшінші матч Тұрақты чемпионат қорытындысы бойынша төмен орын алған команданың алаңында өткізіледі)

4.5 Жартылай финал жұптары Тұрақты чемпионаттың бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша ең жоғары іріктеу қағидатына сәйкес құрылады:

- 1-орын – 4-орын
- 2-орын – 3-орын

4.6 Чемпионатқа 4 команда қатысқан жағдайда барлық командалар «Play-Off» кезеңіне шығады.

4.7 Жартылай финал сериялары командалардың бірі екі жеңіске жеткенге дейін өткізіледі. Серия жеңімпаздары финалға шығады.

4.8 Жартылай финал сериялarында жеңілген командалар 3-орын үшін командалардың бірі екі жеңіске жеткенге дейін матчтар сериясын өткізеді. Серия жеңімпазы Чемпионаттың қола жүлдегері атанады.

4.9 Финалдық серия командалардың бірі екі жеңіске жеткенге дейін өткізіледі. Алғаш болып екі жеңіске жеткен команда Қазақстан Республикасының Чемпионы атанады. Екі рет жеңілген команда Чемпионаттың күміс жүлдегері атанады.

5-БАП. МАТЧТЫ ӨТКІЗУ ФОРМАТЫ

5.1. Үзілістер

5.1.1. Матч кезеңдері арасындағы үзілістердің ұзақтығы (мұз айдынындағы шоу-бағдарламаларды қоса алғанда) дәл 15 минутты құрайды. Үзілістерде мұз бетінің тиісінше тазалануы мен құйылуы қамтамасыз етілуге тиіс.

5.1.2. Матч басталғанға дейін 60 минут бұрын, кезеңдер арасындағы үзілістерде және ойындағы табиғи үзілістер кезінде (командалар алған тайм-ауттардан басқа) аренада музыка ойнауға тиіс.

5.1.3. Музыканы пайдалануға тыйым салынады:

- ойын кезінде;
- тайм-ауттар кезінде;
- жарақат алған ойыншы мұзда жатқан кезде.

5.1.4. Матч кезінде ауа сиреналарын, мегафондарды, дауысзорайтқыштарды және өзге дыбыс күшейткіш құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.

Осы баптың 1.1-т., 1.2-т. талаптарын бұзғаны үшін айыппұл санкциялары Қатысу туралы шарттарда айқындалады.

5.2. Овертаймға (матчтың қосымша уақытына) қойылатын талаптар

5.2.1. Егер Чемпионат матчтарында (Плей-офф матчтарынан басқа) үш кезеңнен кейін тең нәтиже тіркелсе, ұзақтығы бес минут болатын бір қосымша кезең (овертайм) тағайындалады.

5.2.2. Овертайм екі минуттық үзілістен кейін өткізіледі (мұз бетіне су құйылмайды және қақпалар ауыстырылмайды), осы кезде хоккейшілер мұзда немесе өздерінің қосалқы ойыншылар орындығында қалады.

5.2.3. Овертаймдағы ойын алғашқы шайба соғылғанға дейін жалғасады. Алғаш шайба соққан команда матч жеңімпазы деп танылады, содан кейін матч аяқталды деп есептеледі. Командалардың бірі овертаймға қатысудан бас тартса, оған матчта жеңіліс жазылады.

5.2.4. Овертаймда айыптар Хоккей ойынының қағидаларына сәйкес матчтың негізгі уақыты үшін белгіленген тәртіппен салынады. Матчтың негізгі уақытында хоккейшілерге тағайындалған және овертайм басталғанға дейін аяқталмаған айып уақыты өз күшін сақтайды.

5.2.5. Овертаймда хоккей алаңында әр командадан 3 алаң ойыншысы және бір қақпашы ойнайды.

5.3. Плей-офф матчтары

5.3.1. Егер Чемпионаттың Плей-офф матчтарындағы негізгі уақыттың үш кезеңі аяқталғаннан кейін есеп тең болса, жеңімпазды анықтау үшін ұзақтығы 20 (жиырма) минут болатын бір қосымша кезең (овертайм) тағайындалады.

5.3.2. Овертайм он бес минуттық үзілістен кейін өткізіледі, осы кезде командалар киім ауыстыру бөлмелерінде болады.

5.3.3. Овертаймда командалар матчтың негізгі уақытының екінші кезеңіндегі қақпалардың орналасуына сәйкес қақпаларды иеленеді.

5.3.4. Овертаймдағы ойын алғашқы шайба соғылғанға дейін жалғасады. Алғашқы шайбаны бірінші болып соққан команда матч жеңімпазы деп танылады, содан кейін матч аяқталды деп есептеледі. Командалардың бірі овертаймға қатысудан бас тартса, оған матчта жеңіліс жазылады.

5.3.5. Овертаймда әр команда бес алаң ойыншысы және бір қақпашы құрамында ойнайды.

5.3.6. Овертаймда айыптар Хоккей ойынының қағидаларына сәйкес матчтың негізгі уақыты үшін белгіленген тәртіппен салынады. Матчтың негізгі уақытында хоккейшілерге тағайындалған және овертайм басталғанға дейін аяқталмаған айып уақыты өз күшін сақтайды.

5.4. Матчтан кейінгі соққыларға қойылатын талаптар

5.4.1. Бірінші және екінші кезең матчтарында овертайм аяқталғаннан кейін есеп тең болып қалса, жеңімпаз осы бапта белгіленген тәртіппен орындалатын матчтан кейінгі соққылардың нәтижелері бойынша анықталады.

5.4.2. Овертайм аяқталғаннан кейін хоккей алаңының ортасында шайба тастау нүктелерінің арасында ені 14 метр бойлық жолақ бойынша мұз беті тазаланады (құйылмайды).

5.4.3. Овертайм аяқталған сәтте айып уақыты аяқталмаған хоккейшілер матчтан кейінгі соққыларды орындауға жіберілмейді және рәсім аяқталғанға дейін айыпкерлер орындығында не киім ауыстыру бөлмесінде болуға тиіс.

5.4.4. Матчтан кейінгі соққыны орындауға мәлімделген хоккейші жарақат алған немесе оған айып салынған жағдайда ғана ауыстырылуы мүмкін. Бірінші серияда бір хоккейші бірден артық соққы орындауға құқылы емес.

5.4.5. Матчтан кейінгі соққылар басталар алдында бас төреші жеребе өткізу үшін команда капитандарын хоккей алаңының ортасына шақырады. Үй иесі команданың капитаны қай команда бірінші соққыны орындайтынын таңдайды.

5.4.6. Қақпашылар командалардың бірінші кезеңдегі қақпаларының орналасуына сәйкес қақпаларды қорғайды. Әр соққыдан кейін қақпашыны ауыстыруға рұқсат етіледі. Соққыны орындауға қатыспайтын қақпашы өз қақпасының алаңында не өз командасының қосалқы ойыншылар орындығында бола алады.

5.4.7. Матчтан кейінгі соққыларды екі команданың хоккейшілері кезекпен орындайды.

5.4.8. Бірінші серия әр команданың үш соққысынан тұрады. Егер серия аяқталғанға дейін командалардың бірі қарсыласының қалған соққыларымен жойылмайтын басымдыққа ие болса, ол матч жеңімпазы деп танылады және қалған соққыларды орындау тоқтатылады.

5.4.9. Бірінші сериядан кейін тең нәтиже сақталса, жеңімпаз анықталғанға дейін әр команда бір соққыдан орындайтын қосымша сериялар өткізіледі. Екінші серияда бірінші соққы құқығы бірінші серияда екінші соққыны орындаған командаға беріледі. Кейінгі серияларда командалар соққыларды кезекпен орындайды. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген хоккейшілерді қоспағанда, рәсімге қатысу құқығы бар кез келген хоккейші соққы орындай алады.

5.4.10. Қосымша сериялар бір жұп соққы орындалғаннан кейін бір команда шайба соғып, екіншісі соға алмаған сәтке дейін жалғасады. Бұл жағдайда шайба соққан команда матч жеңімпазы деп танылады және қалған соққыларды орындау тоқтатылады.

5.4.11. Матч хатшысы хоккейшілерді, қақпашыларды және соғылған шайбаларды көрсете отырып, орындалған барлық матчтан кейінгі соққылардың есебін жүргізеді.

5.4.12. Матчтың жалпы нәтижесіне шешуші деп танылған және есептегі бір шайбалық айырманы жасаған бір шайба ғана есептеледі. Шешуші шайба оны соққан хоккейшінің жеке статистикасына, сондай-ақ шешуші шайбаны өткізген қақпашының статистикасына енгізіледі.

6-БАП. ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫ ХОККЕЙ КЛУБТАРЫНЫҢ/МЕКТЕПТЕРІНІҢ/БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ, ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

6.1. Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің жалпы міндеттемелері

6.1.1. Чемпионатқа қатысатын әрбір Хоккей клубы міндетті:

1) Қатысу туралы шарт жасалған сәттен бастап маусым аяқталғанға дейін Хоккей клубының және (немесе) команданың атауын өзгертпеуге. Бұл талапты бұзу команданың Чемпионаттан шығарылуына әкеп соғады.

2) Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміндегі клуб туралы мәліметтер өзгерген кезде 5 (бес) жұмыс күні ішінде ҚХФ-ға тізілімнен тиісті үзінді көшірме жіберуге.

3) Клубқа қатысты барлық өзгерістер, оның ішінде қайта ұйымдастыру, мекенжайының, банк деректемелерінің өзгеруі, басшылықтағы, лауазымды тұлғалар құрамындағы кадрлық өзгерістер, сондай-ақ осы Регламентті орындау үшін мәні бар өзге өзгерістер туралы олар туындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ҚХФ-ға жазбаша хабарлауға.

4) Оқиға туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ҚХФ-ға мынадай барлық жағдайлар туралы жазбаша (электрондық пошта арқылы) хабарлауға:

- хоккейшілермен келісімшарттардың бұзылуы;
- хоккейшілердің басқа клубтарға ауысуы туралы шарттардың жасалуы;
- хоккейшілердің өтінімнен кері қайтарылуы;
- хоккейшілердің басқа клубтарда уақытша жұмыс істеуі (қоса атқаруы) туралы шарттардың жасалуы.

5) Хоккейшілер, жаттықтырушылар, ҚХФ және өзге тұлғалар алдындағы барлық қаржылық міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындауға. Клубтың қаржылық міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін кез келген мән-жайлардың туындауы туралы ҚХФ-ға дереу хабарлауға.

6.1.2. Осы баптың 2, 3 және 4-тармақшаларында көзделген өзгерістер туралы ҚХФ-ға хабарлау мерзімдерін бұзғаны үшін Хоккей клубына Қатысу туралы шартқа сәйкес айыппұл салынады.

6.1.3. Қаржылық міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы туралы ҚХФ-ға хабарламағаны үшін Хоккей клубына Қатысу туралы шартқа сәйкес айыппұл салынады.

6.2. Чемпионатқа қатысатын Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің міндеттемелері

6.1.4. Чемпионатқа қатысатын әрбір Хоккей клубы міндетті:

1) Команда матчы өткізілген кезде матчқа қатысуға өтінімге енгізілген барлық хоккейшілердің хоккей алаңына матч алдындағы қыздыру жаттығуына толық ойын киімімен және жабдығымен шығуын қамтамасыз етуге.

2) Клуб командасының кез келген матчы басталғанға дейін 90 минуттан кешіктірмей төрешілер бригадасына алдағы матчқа команда құрамының қағаз тасығыштағы тізімін, хоккейшілердің ойын нөмірлерін (өсу ретімен), амплуасын және туған күндерін, сондай-ақ бестіктерге бөлінген команда құрамын, ойыншылар орындығында болатын барлық жаттықтырушылар құрамы мен лауазымды тұлғаларды көрсете отырып ұсынуды қамтамасыз етуге.

Матч алдындағы қыздыру жаттығуы аяқталғаннан кейін ойнайтын командалардың жаттықтырушылары (өкілдері) матчтың ресми хаттамасында құрамның дұрыс толтырылуын тексеріп, оны бұрыштама қою арқылы растауға, ал матч аяқталғаннан кейін хаттаманы тексеріп, қол қоюға міндетті.

3) Клуб командасының бірінші және екінші кезеңдегі кез келген матчы аяқталғаннан кейін команданың барлық хоккейшілерінің матчқа қатысқан командалардың хоккейшілерімен қол алысуына қатысуын қамтамасыз етуге. Үшінші кезең матчтарында хоккейшілердің матчтан кейінгі қол алысуы серияның соңғы матчында ғана өткізіледі.

4) Хоккейшіге, жаттықтырушыға не клубтың өзге лауазымды тұлғасына Чемпионаттың белгілі бір санындағы матчтарын өткізіп жіберудің орнына ақшалай өтемақы төлеу мүмкіндігін көздейтін спорттық санкциялар қолданылған жағдайда, өз шешімі туралы ҚХФ-ға алдын ала хабарлауға.

5) Хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, клубтың лауазымды тұлғалары мен басшыларының ҚХФ ресми іс-шараларына, оның ішінде ҚХФ демеушілері (серіктестері, жарнама берушілері) үшін өткізілетін іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етуге.

6) Төрешілікке, төрешілерге не матч инспекторларына қатысты негізсіз сын, айыптау немесе беделін түсіруді қамтитын көпшілік алдындағы мәлімдемелерге, пікірлерге, сұхбаттарға, жарияланымдарға не өзге сөздерге жол бермеуге.

6-1) 6) тармақшаны қайталап бұзғаны үшін Хоккей клубына қосымша айыппұл салынады.

7) ҚХФ баспасөз қызметінің талабы бойынша ҚХФ-ға барлық қажетті ақпаратты ұсынуға.

8) Клуб командасының матчы аяқталғаннан кейін матчқа қатысқан командалардың бас жаттықтырушыларының баспасөз конференциясын өткізуді қамтамасыз етуге. Баспасөз конференциясы матч аяқталғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей басталуға тиіс.

9) Команданың өзі қатысатын әрбір Чемпионат матчының басталуынан кемінде бір сағат бұрын келуін, сондай-ақ матчтың бас төрешісінің нұсқауларына сәйкес хоккей алаңына уақтылы шығуын қамтамасыз етуге.

9-1) Егер бұзу немесе тиісінше орындамау матчтың уақтылы басталуының бұзылуына, матчтың кешігіп басталуына немесе матчтың өткізілмей қалуына әкеп соқпаса, Хоккей клубына Қатысу туралы шартқа сәйкес айыппұл салынады.

10) Чемпионат матчтарына шеттетілген не өзге негіздер бойынша Команда үшін ойнауға құқығы жоқ хоккейшілердің, сондай-ақ матчқа қатысуға құқығы жоқ жаттықтырушылар мен лауазымды тұлғалардың қатысуына жол бермеуге.

11) Әрбір «үйдегі» матч өткізілген кезде мыналарды қамтамасыз етуге:

- ҚХФ-ның формалық күртешелерін киген 12 адамнан тұратын төрешілер бригадасының қызмет көрсетуі;
- статистика жүргізетін төрешілер үшін 2 ноутбук немесе планшет;
- хаттамаларды рәсімдеу бөлмесінде жеткілікті мөлшердегі А4 қағазы және картриджі толтырылған сканер-принтер;

12) Әрбір «үйдегі» матч өткізілген кезде мыналарды қамтамасыз етуге:

12-1) келетіні туралы алдын ала хабарлаған өзге қаладан келген төрешілерді, инспекторды және ҚХФ өкілдерін әуежайда (теміржол вокзалында) қарсы алу, қонақүйге, спорт ғимаратына және кері, сондай-ақ әуежайға (вокзалға) трансфер. Бұзылған жағдайда ҚХФ-ға туындаған барлық көлік шығындарын өтеу;

12-2) ҚХФ тағайындаған бас төрешілердің Спорттық бөлімде көзделген барлық үй-жайларға еркін кіруі;

12-3) төрешілер мен инспекторға жеткілікті мөлшерде тегін шай, кофе, қант, ауызсу, жеміс-жидек, шоколад;

12-4) әр төрешіге өлшемі кемінде 70×140 см тегін сүлгі, сондай-ақ матчқа дейін және одан кейін формасын жуу.

13) Әрбір «үйдегі» матч өткізілген кезде матч басталғанға дейін 60 минуттан кешіктірмей, бүкіл матч бойы және ол аяқталғаннан кейін кемінде 20 минут спорт ғимаратында (мұз айдынының периметрі шегінде) ішкі істер органдары қызметкерлерінің, дәрігерлер бригадасының, жұмыс істейтін дефибриллятормен жабдықталған жедел медициналық жәрдем автокөлігінің, сондай-ақ өрт сөндіру жасағы бар өрт сөндіру автокөлігінің болуын қамтамасыз етуге.

13-1) Дәрігерлер бригадасы және жұмыс істейтін дефибрилляторы бар жедел медициналық жәрдем автокөлігі ойын алдындағы қыздыру жаттығуы басталғанға дейін спорт ғимаратында болуға тиіс. Ол кешіккен жағдайда қыздыру жаттығуының басталуы кейінге қалдырылуы мүмкін, бірақ 15 минуттан аспауға тиіс.

13-2) Өрт сөндіру есебі бар өрт сөндіру автокөлігі болмаса, матч басталмайды. Ол кешіккен жағдайда матчтың басталуы 15 минуттан аспайтын уақытқа кейінге қалдырылуы мүмкін.

Көрсетілген автокөліктердің кемінде біреуі ойын алдындағы қыздыру жаттығуының (жедел жәрдем үшін) немесе матчтың (өрт сөндіру автокөлігі үшін) белгіленген басталу уақытынан кейін 15 минут ішінде ұсынылмаса, матч өткізілмейді, ал үй иесі командаға 0:5 есебімен техникалық жеңіліс жазылады.

13-3) Әрбір «үйдегі» матч өткізілген кезде мыналарды қамтамасыз етуге:

- қатысушылар мен көрермендерге қолжетімді спорт ғимаратының барлық үй-жайларының тазалығын, оның ішінде дәретханаларды тұрақты тазалауды (матч басталғанға дейін және әр үзіліс алдында);
- ақпараттық табло мен «Бейне-гол» жүйесін қоса алғанда, барлық мүкәммал мен жабдықтың жарамдылығын;
- матч бойы қосалқы және айып салынған ойыншылар орындықтары аймақтарының тиісті жай-күйін;
- командалардың қыздыру жаттығуына дейін және одан кейін, сондай-ақ кезеңдер арасындағы үзілістерде ылғалды тазалауды.

14) Хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, командалардың ресми өкілдерінің, төрешілердің, матч инспекторының, ҚХФ өкілдерінің, көрермендердің және спорт ғимараты аумағындағы өзге тұлғалардың қауіпсіздігін, сондай-ақ матч өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге.

14-1) Хоккей клубының осы баптың 14) тармақшасын бұзуы немесе тиісінше орындамауы «қонақ» команданың хоккейшілерінің, жаттықтырушыларының, клуб лауазымды тұлғаларының, төрешілердің, инспекторлардың, ҚХФ басшыларының, қызметкерлерінің бірінің денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқса, хоккей клубына «Қатысу туралы шартқа» сәйкес қосымша айыппұл салынады.

15) Әрбір «үйдегі» матчта айып салынған ойыншылар орындығында мыналарды қамтамасыз етуге:

- өлшемі 30×50 см мақта-мата бет сүлгілері (әр орындықта 2 сүлгіден) не бір реттік қағаз сүлгілер;
- ауызсу (әр орындыққа сыйымдылығы 0,5 литр 4 бөтелкеден).

16) Әрбір «үйдегі» матчта алдын ала өтінім бойынша қонақ командаға тегін мыналарды қамтамасыз етуге:

- вокзалдан/әуежайдан қонақүйге және кері, сондай-ақ матчтар мен жаттығулар күндері қонақүйден спорт ғимаратына және кері трансфер үшін автобус;
- қонақтардың формасы мен техникалық жабдығын тасымалдауға арналған автокөлік (әуежай/вокзал ↔ спорт ғимараты);
- матчтан бір күн бұрын негізгі алаңда 1,5 сағат жаттығу (17:00-ден ерте емес және 20:00-ден кеш емес уақытта немесе келісім бойынша басталады);
- матч күні негізгі алаңда 45 минут жаттығу (9:00-ден ерте емес және 11:00-ден кеш емес уақытта немесе келісім бойынша басталады);
- матчтан бір күн бұрын және матч күндері спорт/тренажер залында жаттығу (1 сағат) (9:00-ден 20:00-ге дейін немесе келісім бойынша басталады);
- жаттығулар мен қыздыру жаттығуларына кемінде 40 шайба;

- жеткілікті мөлшерде шай, кофе, ауызсу, жеңіл тағамдар және хоккейшілерге, жаттықтырушылар мен лауазымды тұлғаларға сүлгілер;
- әр матчтан кейін және матчтан бір күн бұрынғы жаттығудан кейін кір жуу қызметтері (ойын формасын жуу және кептіру) (өзге жағдайлар – тараптардың келісімі бойынша);
- көрермендер трибуналарының жоғарғы орталық бөлігінде қонақ команданың бейне-жаттықтырушысына жеке орын.

17) «Үйдегі» матчтарды өткізу кезінде спорт ғимаратында мынадай эпизодтардың бейнеқайталауларын көрсетуге жол бермеуге:

- хоккейшілер, жаттықтырушылар, лауазымды тұлғалар немесе көрермендер төрешілердің шешімдеріне дау айтатын, оларға құрметсіздік көрсететін, қорлайтын қимылдар жасайтын, төбелесетін, алаңға немесе басқа адамдарға заттар лақтыратын;
- қағидаларды бұзу мен қақпаға шайба соғуға байланысты даулы сәттер бар;
- төбелес болатын;
- біреуге жарақат келтірілетін.

17-1) 17) тармақшаны қайталап бұзғаны үшін қосымша айыппұл көзделеді.

18) Төрешілер бейне-гол жүйесіндегі матч эпизодтарын қарап жатқан кезде оларды көрсетуге жол бермеуге.

19) Матчтың ресми хаттамасының БАЖ жүйесінде уақтылы, бірақ матч аяқталғаннан кейін 30 минуттан кешіктірмей толтырылуын қамтамасыз етуге.

20) Әрбір «үйдегі» матч өткізілгеннен кейін 24 сағат ішінде бейне-гол жүйесінің барлық камераларының: қақпа артындағы, қақпа үстіндегі, панорамалық және өзге қосалқы камералардың жазбаларының сақталуын және ҚХФ-ның алғашқы талабы бойынша ұсынылу мүмкіндігін қамтамасыз етуге.

21) ҚХФ сұрауы бойынша осы Регламент талаптарының орындалуын талдау үшін барлық қажетті құжаттарды белгіленген мерзімдерде ұсынуға.

22) Әрбір «үйдегі» матчтың ҚХФ белгілеген күн мен уақытта өткізілуін, сондай-ақ ҚХФ-ның матч өткізілетін күнді және (немесе) уақытты өзгерту туралы шешімдерінің тиісінше орындалуын, оның ішінде көрермендерге уақтылы хабарлауды және осы Регламент талаптарына сәйкес матчты өткізуге толық дайындықты қамтамасыз етуге.

Хоккей клубының бастамасы бойынша матч өткізілетін күнді және (немесе) уақытты ауыстыру қажет болған жағдайда, матч өткізілетін күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей ҚХФ-ға жазбаша хабарлама жіберуге.

22-1) 22) тармақшаны қайталап бұзғаны үшін қосымша айыппұл көзделеді.

22-2) Үшінші рет бұзылған жағдайда команда Чемпионаттан шығарылады (егер ҚХФ өзге шешім қабылдамаса).

23) Хоккейшілердің ойын формасы (дулығаларды қоса алғанда) Хоккей ойынының қағидаларына, осы Спорттық бөлімге, өтінім деректеріне немесе бекітілген эскиздерге сәйкес келмесе, матчтың бас төрешісі мұндай хоккейшілерді ойынға қатысуға жібермейді. Егер бұл бұзушылық матчтың өткізілмей қалуына әкеп соқса, Хоккей клубына команданың Чемпионат матчына келмегені үшін көзделген санкциялар қолданылады.

23-1) Егер аталған бұзушылық матч аяқталғаннан кейін анықталса, Хоккей клубына қосымша айыппұл салынады.

24) «Қонақтағы» матчқа дейін 15 күнтізбелік күн бұрын қонақүй мен кейінгі жол жүруге билеттерді брондау үшін қабылдаушы Хоккей клубының басшылығына команданың қалада болу мерзімдері туралы жазбаша хабарлауға.

25) Қарсы алуды ұйымдастыру үшін қонақ команданың келу күні мен уақытын келгенге дейін 3 күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауға.

26) ҚХФ-ның алғашқы шақыруы бойынша команда хоккейшілерін оқу-жаттығу жиындары мен халықаралық жарыстарға қатысу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық командаларының қарамағына жіберуге. Іссапарға жіберген кезде клуб өз есебінен ОЖЖ өтетін орынға баруды және кері қайтуды (Қазақстан Республикасының аумағында), сондай-ақ жолдағы тәуліктік шығындарды (тамақтануды) қамтамасыз етуге міндетті. Хоккейшілердің жалақысы мен сыйақыларын сақтай отырып, оларды толық қорғаныш жабдығымен және кемінде 5 дана хоккей таяғымен қамтамасыз етуге.

Осы тармақтың талаптары бұзылған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Хоккейші Ұлттық команда қатысатын ОЖЖ мен турнирлер кезеңінде Чемпионаттың және ресми республикалық

жарыстардың барлық матчтарынан шеттетіледі. ҚХФ қосымша Чемпионаттың төрт матчына дейінгі мерзімге шеттету қолдануға құқылы.

27) Хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, клуб басшылары мен өзге лауазымды тұлғаларының ҚХФ қызметкерлеріне, төрешілерге және матч инспекторларына қатысты кез келген қорлайтын сөздеріне, қимылдарына немесе теріс пікірлеріне жол бермеуге.

27-1) 27) тармақшаны қайталап бұзғаны үшін Хоккей клубына қосымша айыппұл салынады.

28) Матчтан кейін көпшілік алдында теріс пікірлер айтылған жағдайда, клуб 24 сағат ішінде ҚХФ-ға даулы сәттердің бейнежазбасы қоса берілген ресми наразылық жіберуге міндетті.

29) Төрешілер бөлмесіне бөгде тұлғалардың кіруіне жол бермеуге (инспектордан, резервтік төрешіден және хатшыдан басқа). Команда өкілдері бас төрешінің рұқсатымен ғана жіберіледі. Төрешілер бригадасын төрешілер бөлмесінен мұзға дейін және кері қауіпсіздік қызметінің алып жүруін қамтамасыз етуге.

30) Клуб басшыларының, қызметкерлері мен өкілдерінің бұзақылық әрекеттеріне жол бермеуге. Мұндай әрекеттер жасалған жағдайда ҚХФ кінәлі тұлға жұмыс істейтін клуб командаларының ҚХФ жарыстарына қатысуына бес жылға дейінгі мерзімге тыйым салуға құқылы.

31) ҚХФ қызметкерлерінің, төрешілер мен инспекторлардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпараттың таралуына жол бермеуге. Мұндай фактілер анықталса, клуб басшылығы ақпаратты жою және теріске шығару үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті.

32) Хоккейшіге, жаттықтырушыға не Хоккей клубының лауазымды тұлғасына Чемпионаттың белгілі бір санындағы матчтарын өткізіп жіберудің орнына ақшалай өтемақы төлеу мүмкіндігін көздейтін спорттық жаза қолданылған жағдайда, Хоккей клубы осындай ақшалай өтемақыны төлеу жөніндегі шешімі туралы ҚХФ-ға электрондық пошта арқылы алдын ала жазбаша хабарлауға міндетті.

33) Матчтың басталуын кешіктіруге әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге.

34) Әрбір «үйдегі» матч кезінде спорт ғимаратында матчты мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпараттық сүйемелдейтін білікті дикторлардың жұмысын қамтамасыз етуге.

35) Қақпашы жабдығының ИИХФ-ның қолданыстағы талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге.

36) Төрешілер мен төрешілер бригадасының әрекеттеріне араласуға, сондай-ақ төрешілер бөлмесіне кіруге әрекеттенуге жол бермеуге.

37) Допингке қарсы қағидалардың сақталуын қамтамасыз етуге.

Осы Спорттық бөлімге сәйкес хоккейшілер мен клуб өкілдеріне қолданылған тәртіптік санкциялар ойыншының немесе өкілдің басқа клубқа ауысуына қарамастан келесі маусымның Чемпионатына автоматты түрде қолданылады.

6.1.5. Команда келмеген немесе Чемпионат матчы өткізілмей қалған жағдайда (форс-мажордан басқа) Хоккей клубына айыппұл салынады, 0:5 есебімен техникалық жеңіліс жазылады, сондай-ақ қарсыласына туындаған барлық залалды өтеу міндеті жүктеледі.

Команда ойыннан шығарылып, кейін матч қайта жалғасқан жағдайда Хоккей клубына айыппұл салынады.

6.1.6. Хоккей клубтары осы баптың 13), 23) тармақшаларында белгіленген талаптарды бұзған жағдайда Хоккей клубы осы Регламент пен Қатысу туралы шарттарда көзделген айыппұл сомаларынан бөлек ҚХФ-ға және Чемпионаттың өзге қатысушыларына туындаған барлық залалды өтеуге міндетті.

6.1.7. Хоккей клубтары осы баптың 10) тармақшасының талаптарын бұзған жағдайда тиісті матчтың нәтижесі жойылады, ал Командаға 0:5 есебімен техникалық жеңіліс жазылады.

6.1.8. Хоккей клубтары осы баптың 13) тармақшасында белгіленген талаптарды бұзған жағдайда Командаға 0:5 есебімен техникалық жеңіліс жазылады.

6.1.9. Хоккей клубтары осы баптың 14), 23) тармақшаларында белгіленген талаптарды қатарынан үш (3) үйдегі матчта бұзған жағдайда ҚХФ анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін спорт ғимаратында Чемпионат матчтарын өткізуге тыйым салуға құқылы.

6.1.10. Хоккей клубтары осы баптың 13), 16) тармақшаларында белгіленген талаптарды бұзған жағдайда ҚХФ спорт ғимаратында Чемпионат матчтарын өткізуге тыйым салуға құқылы.

6.1.11. 1), 2), 4), 6), 8), 9), 13), 14), 15), 16),17) тармақшаларының талаптарын бұзғаны үшін Хоккей клубтарына Қатысу туралы шартта көзделген мөлшерде ақшалай айыппұл салынады.

6.3. Спорт ғимараттарын матчтар өткізуге дайындау аясындағы Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің міндеттемелері

6.3.1 Спорт ғимараттарын дайындау аясында Хоккей клубтары міндетті:

1) Әрбір «үйдегі» матчты өткізу кезінде спорт ғимаратының осы Регламент талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге.

2) Спорт ғимаратының Чемпионатты өткізуге дайындығын инспекциялау нәтижелері бойынша ҚХФ берген нұсқамаларды уақтылы орындауға.

3) ҚХФ қызметкерлері мен басшыларының спорт ғимаратының барлық үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге.

4) Спорт ғимаратының дайындық актісінде көрсетілген талаптарды орындауға.

5) Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, сондай-ақ қатысушылар мен көрермендерді эвакуациялау және хабардар ету шараларын қамтамасыз етуге; бұзақылық әрекеттерге, мұзға бөгде заттар лақтыруға, қорлайтын сөздер мен қимылдарға, әдепсіз плакаттар мен өзге тыйым салынған атрибутиканы көрсетуге жол бермеуге.

6) Мынадай міндетті құжаттардың болуын қамтамасыз етуге:

- қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, эвакуациялауды және хабардар етуді қамтамасыз ету құжаттары;
- матчтарды өткізуді ұйымдастыру жөніндегі бекітілген нұсқаулық;
- көрермендер қозғалысының, эвакуация жолдарының, медициналық пункттер мен өртке қарсы жабдық орналасқан орындардың схемасы;
- көрермендердің мінез-құлық қағидалары.

7) ҚХФ талабы бойынша төрешілер «үйдегі» матчтар өтетін елді мекенде болған кезеңде оларды құқық тәртібі органдары қызметкерлерінің (ерекше жағдайларда – жеке күзет ұйымының) алып жүруін қамтамасыз етуге.

8) Мұз жабынының сапасын, таңбалауды, жарықтандыруды, ақпараттық таблоны, мұз тазалау техникасының және матчтың қалыпты өтуіне қажетті өзге жүйелердің жарамдылығын қоса алғанда, хоккей алаңы мен техникалық жабдықтың тиісті жай-күйін қамтамасыз етуге.

8-1) 8) тармақшаны қайталап бұзғаны үшін Хоккей клубына қосымша айыппұл салынады.

6.3.2 Осы баптың 1), 2), 4), 5), 6) тармақшаларының талаптары Чемпионаттың қатарынан үш матчында бұзылған жағдайда ҚХФ спорт ғимаратында матчтар өткізуге тыйым салуға құқылы.

6.3.3 Егер қауіпсіздік талаптарының бұзылуы матчты өткізуге кедергі келтірсе, ҚХФ бас төрешінің ұсынуы бойынша оны өткізуге тыйым салуға құқылы.

6.3.4 Матчты талаптарға сәйкес келетін басқа спорт ғимаратына ауыстыру мүмкін болмаса, үй иесі командаға 0:5 есебімен техникалық жеңіліс жазылады, ал Хоккей клубы қонақ командаға және ҚХФ-ға келтірілген залалды өтеуге міндетті.

6.4. Командалардың формасына қойылатын талаптар

6.4.1 «Алаң иесі» команда қою түсті формада, «қонақ» команда түсі қарама-қарсы ашық түсті формада ойнауға міндетті.

6.4.2 Командалардың ойын дулығалары әртүрлі түсті болуға тиіс. Дулығаларға міндетті түрде хоккейшілердің анық оқылатын нөмірлері жазылуға тиіс.

6.4.3 Хоккейшінің ойын жейдесі мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

- кеудесінде – Хоккей клубының эмблемасы;
- арқасында – команданың негізгі өтінім тізімінде көрсетілген хоккейші нөмірі (биіктігі 250-ден 300 мм-ге дейін) және нөмірдің үстінде латын әріптерімен жазылған тегі (биіктігі 80-нен 100 мм-ге дейін). Нөмір мен тегі анық көрінуге және жейденің негізгі түсінен айқын ерекшеленуге тиіс;
- жеңдерінде – хоккейші нөмірі (биіктігі 100 мм);
- кеудесінде (жағасында) – биіктігі 35 мм QYZDAR HOKEI LIGASY эмблемасы.

6.4.4 Командалардың формаларының немесе дулығаларының түстері бірдей болған жағдайда, «алаң иесі» команда матчтың бас төрешісінің талабы бойынша ойын формасын және/немесе дулығаларын ауыстыруға міндетті.

6.4.5 Матчқа қатысатын командалардың жаттықтырушылар құрамы бүкіл матч бойы іскерлік костюм киюге тиіс. Іскерлік костюмнің сыртынан Хоккей клубы бекіткен бірыңғай үлгідегі күртеше киюге рұқсат етіледі.

6.4.6 Команданың қызмет көрсетуші персоналы Хоккей клубы бекіткен бірыңғай үлгідегі форма киюге тиіс.

6.4.7 Бүкіл маусым бойы хоккейшілердің ойын нөмірлерін өзгертуге жол берілмейді.

6.4.8 Әр командада нөмірі мен тегі жазылмаған қосалқы ойын жейделерінің қажетті саны, сондай-ақ жейдені жедел қалпына келтіруге арналған әріптер мен цифрлар жиынтығы болуға тиіс.

6.4.9 Ойын жейдесін қалпына келтіру мүмкін болмаса, хоккейші матчқа қатысуға жіберілмейді.

Регламенттің осы бабының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік, оның ішінде айыппұл санкциялары Қатысу туралы шарттарда белгіленеді және айқындалады.

6.5. Хоккей клубтарының/бөлімшелерінің/мектептерінің штаттарын жасақтауға ұсынымдар

6.5.1. Чемпионатқа қатысатын Клубтардың/мектептердің/бөлімшелердің штаттарын жасақтауға қойылатын ең төменгі талаптар:

Лауазым атауы	**Штат бірліктерінің саны**
Директор (басшы)	1
Басшының орынбасары	1
Бас бухгалтер	1
Заңгер	1
Кадрлық есеп жөніндегі маман	1
Спорт персоналын есепке алу жөніндегі маман	1
Бас менеджер	1
Команда бастығы	1
Бас жаттықтырушы	1
Аға жаттықтырушы	1
Қақпашылар жаттықтырушысы	1
Қорғаушылар жаттықтырушысы	1
ЖДД жаттықтырушысы	1
Дәрігер	1
Психолог	1
Массаж жасаушы	1
PR маманы	2
Маркетолог	1
Инженер-бейнеоператор	1
Техникалық әкімші	1
Мемлекеттік сатып алу менеджері	1
Қойма меңгерушісі	1
Әдіскер	1
Аудармашы	1
Хатшы	1
Жүргізуші	1
Кір жуушы	1
Тазалаушы	1
Спортшы (хоккейші)	30
БАРЛЫҒЫ	**59**

6.6. Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің жауапкершілігі

6.6.1. Чемпионаттың хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің командалары Регламенттің Құқықтық бөлімінің ережелерін бұзған немесе тиісінше орындамаған жағдайда осы Регламентте және қатысу туралы шартта белгіленген жауапкершілікті көтереді.

6.6.2. Осы Регламенттің талаптарын бұзғаны үшін ҚХФ Хоккей клубына/мектебіне/бөлімшесіне мынадай жауапкершілік шараларын қолдануға құқылы:

1) ескерту;
2) Қатысу туралы шартқа сәйкес айыппұл;
3) бұзушылықтар жойылғанға дейін хоккей клубының/мектебінің/бөлімшесінің Чемпионатқа қатысу өтінімін қарауды тоқтата тұру;
4) бұзушылықтар жойылғанға дейін Чемпионатқа қатысудан уақытша шеттету;
5) команданың тиісті маусымда Чемпионатқа қатысуы туралы шарт жасасудан бас тарту;

6.6.3. Осы Регламент талаптары бірнеше рет немесе жүйелі түрде бұзылған жағдайда ҚХФ шешімі бойынша Хоккей клубына/мектебіне/бөлімшесіне, оның лауазымды тұлғаларына, хоккейшілеріне, жаттықтырушыларына және Чемпионаттың өзге қатысушыларына басқа шаралар, оның ішінде Чемпионатқа және ҚХФ аясында өткізілетін ресми жарыстарға қатысудан екі спорттық маусымға дейінгі

мерзімге уақытша шеттету қолданылуы мүмкін.

6.6.4. Хоккей клубтарына/мектептеріне/бөлімшелеріне санкцияларды ҚХФ қолданады.

6.6.5. Айыппұл немесе өсімпұл төлеу, хоккей клубының/мектебінің/бөлімшесінің командаларын Чемпионаттан шығару немесе хоккейшілерді және/немесе хоккей клубының/мектебінің/бөлімшесінің өкілдерін шеттету хоккей клубын/мектебін/бөлімшесін оның әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) залал шеккен тұлғаларға осындай залалды өтеуден босатпайды.

6.6.6. Айыппұл салынған күннен бастап бес банк күнінен кешіктірмей «ҚХФ»-ға төленуге тиіс.

6.6.7. Хоккей клубтары/мектептері/бөлімшелері мыналар үшін жеке жауапкершілік көтереді:

1) өтінім құжаттарының уақтылы және толық ұсынылуы;

2) ұсынылған мәліметтердің, оның ішінде қаржылық жағдай, мүліктік міндеттемелер, хоккейшілер мен жаттықтырушылардың еңбекақысын төлеу бойынша берешектің жоқтығы туралы мәліметтердің анықтығы;

3) осы Регламентте белгіленген өзге міндеттемелердің орындалуы.

6.6.8. Команда клубтың/мектептің/бөлімшенің бастамасы бойынша немесе ҚХФ шешімімен Чемпионаттан шығарылған жағдайда хоккей клубы/мектебі/бөлімшесі ҚХФ өзге шешім қабылдағанға дейін өз командаларының ҚХФ өткізетін жарыстарға қатысу құқығынан айырылады.

6.6.9. ҚХФ команданың Чемпионаттан шығарылуына жол берген клубтың/мектептің/бөлімшенің бұрынғы басшылары жұмыс істейтін (істеген) Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің командаларына бес жыл бойы ҚХФ жарыстарына қатысуға тыйым салу туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.6.10. Мұндай шешім команданың жарыстан шығарылуына кінәлі деп танылған нақты басшыларға қатысты қабылданады.

6.6.11. Команда шығарылған кезде бұрын төленген жарналар қайтарылмайды.

6.7. Чемпионат матчтарының нәтижелеріне құқыққа қайшы ықпал еткені үшін жауапкершілік

6.7.1. Хоккей клубтарына/мектептеріне/бөлімшелеріне, олардың лауазымды тұлғаларына, хоккейшілері мен өзге қызметкерлеріне матчтардың нәтижелерімен кез келген айла-шарғы жасауға, оның ішінде өздері қатысатын ойындарға бәс тігуге қатаң тыйым салынады.

6.7.2. Клубтар/мектептер/бөлімшелер әрбір хоккейші мен қызметкердің осы Регламент пен IIHF нормаларына сәйкес құмар ойындарға және хоккей матчтарына бәс тігуге қатысуға тыйым салу туралы жазбаша декларацияға қол қоюын қамтамасыз етуге міндетті. Декларациялар клубта/мектепте/бөлімшеде сақталады және ҚХФ-ның алғашқы талабы бойынша ұсынылады.

6.7.3. Осы бапты бұзғаны үшін 5 (бес) жылға дейінгі мерзімге шеттетуге, матч нәтижелерін жоюға және Чемпионатқа қатысудан шеттетуге дейінгі санкциялар қолданылуы мүмкін.

6.8. БАҚ-пен өзара іс-қимыл

6.8.1. ҚХФ мен Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің чемпионатты жариялайтын бұқаралық ақпарат құралдарымен (бұдан әрі – БАҚ) өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасында хоккейді одан әрі танымал ету мақсатында жүзеге асырылады және БАҚ өкілдерінің кәсіби қызметіне қолайлы жағдай жасау, БАҚ-та Чемпионатты және ҚХФ-ның өзге іс-шараларын жариялау сапасын арттыру міндеттерін шешуге бағытталған. БАҚ-ты аккредиттеу тәртібін ҚХФ айқындайды.

6.8.2. Чемпионаттың әрбір матчы аяқталғаннан кейін аккредиттелген БАҚ өкілдері матчқа қатысқан командалардың хоккейшілерімен және жаттықтырушыларымен аралас аймақта (микст-аймақта) сөйлеседі.

6.8.3. Чемпионат матчы аяқталғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей матчқа қатысқан командалардың бас жаттықтырушыларының міндетті қатысуымен матч қорытындысы бойынша баспасөз конференциясы өткізіледі.

6.8.4. Хоккей клубтары/мектептері/бөлімшелері команданың кез келген матчы кезінде бас жаттықтырушының, хоккейшілер мен лауазымды тұлғалардың матчтан кейінгі баспасөз конференциясына қатысуын, сондай-ақ матч аяқталғаннан кейін команданың кемінде екі ойыншысының аралас аймақта БАҚ өкілдерімен сөйлесуін қамтамасыз етуге міндетті.

6.9. Хоккей клубтарының/мектептерінің/бөлімшелерінің құқықтары

6.9.1. Хоккей клубтары/мектептері/бөлімшелері құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚХФ нормативтік құжаттарына сәйкес хоккейшілер мен жаттықтырушыларды тартуға және олармен спорттық қызмет туралы шарттар немесе еңбек шарттарын жасасуға.

2) Хоккей мектептерінің түлектерімен Алғашқы келісімшарт жасасқан кезде ҚХФ-дан құқықтық

қорғау алуға, сондай-ақ ҚР заңнамасына, ҚХФ нормативтік құжаттарына және ИИХФ қағидаларына сәйкес хоккейшілер ауысқан кезде оларды даярлағаны үшін өтемақы алу құқығын қорғауға.

3) ҚХФ және ИИХФ белгілеген тәртіппен халықаралық жарыстар мен жолдастық матчтарға қатысуға ҚХФ рұқсаттарын алуға.

4) ҚХФ дауларды шешу жүйесі арқылы өз құқықтарын қорғауға.

5) Өз командасының матчтарында объективті және тәуелсіз төрешілікке, сондай-ақ басқа клубтар/мектептер/бөлімшелер Регламентті бұзған кезде ҚХФ-ның құқықтық қорғауына ие болуға.

6) Хоккейшілер мен жаттықтырушыларды спорттық разрядтар, атақтар мен біліктіліктер беруге ұсынуға.

7) Хоккейді дамыту және Чемпионатты ұйымдастыру мәселелері бойынша ҚХФ кеңестері мен өзге іс-шараларына қатысуға.

8) ҚХФ-дан әдістемелік, ақпараттық және консультациялық қолдау алуға (күндізгі және қашықтан форматта).

6.9.2. **«Қолданыстағы келісімшарт» мәртебесі бар Хоккейшілерге қатысты Клубтар/мектептер/бөлімшелер құқылы:**

1) қолданыстағы шартты бұзуға;

2) жаңа шарт жасасуға;

3) хоккейшіні басқа Клубқа/мектепке/бөлімшеге айырбастауға;

4) хоккейшіні маусым мен матчтарға өтінімге енгізуге;

5) біліктілік ұсынысын жасауға.

6.9.3. **Хоккей мектептерінің (жасөспірімдердің), академиялардың білім алушыларына қатысты Клубтар құқылы:**

1) бітіру жылының 1 ақпанынан 30 сәуіріне дейін «Алғашқы» шарт жасасуға (өз мектебінің тәрбиеленушілері үшін);

2) жасөспірім оқу кезінде немесе бітіргеннен кейін басқа клубқа/мектепке/бөлімшеге ауысқан жағдайда оны даярлағаны үшін өтемақы алуға.

6.9.4. **«Бекітілген құқықтар» немесе «Қақтығыс» мәртебесіндегі хоккейшілерге қатысты Клубтар/мектептер/бөлімшелер құқылы:**

1) шарт жасасуға айрықша құқыққа;

2) хоккейшіні басқа клубқа/мектепке/бөлімшеге айырбастауға;

3) спорттық құқықтардың қолданылуын ұзартуға және тоқтатуға.

7-БАП. ЧЕМПИОНАТ МАТЧТАРЫН ҚАБЫЛДАЙТЫН КЛУБҚА/МЕКТЕПКЕ/БӨЛІМШЕГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Матч алдындағы іс-шаралар

7.1.1. Матчтар басталар алдында ҚХФ-мен, матчқа қатысушы командалармен және төрешілермен алдын ала келісілген ашылу рәсімдерін, командаларды таныстыруды және өзге салтанатты іс-шараларды өткізуге рұқсат етіледі. Аталған іс-шаралардың мазмұны мен ұзақтығына қарамастан матч дәл белгіленген уақытта басталуға тиіс.

7.1.2. Командалардың құрамдарын таныстыру матч басталғанға дейін 10 минуттан кешіктірмей басталып, мына ретпен жүргізілуге тиіс: алдымен қонақ команданың хоккейшілері, содан кейін үй иесі команданың хоккейшілері таныстырылады. Командалардың құрамдарын таныстыру матч басталғанға дейін 5 минуттан кешіктірмей аяқталуға тиіс.

7.1.3. Командалардың бастапқы бестіктерін таныстыру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалғанға дейін жүргізіледі.

7.2 Чемпионат матчын өткізуге байланысты іс-шаралардың тәртібі

7.2.1 Матч алдындағы іс-шараларды өткізу және командалардың мұзға шығу тәртібі:

1) Матч басталғанға дейін 60 минут – аренада, командалар мен төрешілердің киім ауыстыру бөлмелерінде сирена/дыбыстық сигнал беріледі. Төрешілер мұз айдынына шығып, қыздыру жаттығуын өткізеді. Ақпараттық таблода, командалар мен төрешілердің киім ауыстыру бөлмелерінде уақыттың кері санағы басталады.

2) Матч басталғанға дейін 40 минут – сирена/дыбыстық сигнал беріледі. Матч хаттамасына енгізілген командалардың хоккейшілері қыздыру жаттығуы үшін мұзға шығады.

3) Матч басталғанға дейін 20 минут – сирена/дыбыстық сигнал беріледі. Командалар мұз айдынынан кетеді. Матчтың тікелей алдында мұз тазаланып, су құйылады.

4) Матч басталғанға дейін 4 минут 45 секунд – командалар мен төрешілердің киім ауыстыру бөлмелерінде шығуға бір минуттық дайындық сигналы беріледі.

5) Матч басталғанға дейін 3 минут 45 секунд – алаң төрешілері мұзға шығады (диктордың хабарлауынсыз) және төрешілер аймағында орын алады. Командалар киім ауыстыру бөлмелерінен шығып, мұзға шақыруды күтеді.

6) Матч басталғанға дейін 3 минут 30 секунд – диктор командаларды мұзға мына ретпен шақырады:

Алдымен «қонақ» команданың бес алаң ойыншысы мен қақпашысы, содан кейін «қонақ» команданың қалған хоккейшілері шығады. Қысқа үзілістен кейін «үй иесі» команданың бес алаң ойыншысы мен қақпашысы, содан кейін «үй иесі» команданың қалған хоккейшілері шығады.

Барлық хоккейшілер өздерінің қосалқы ойыншылар орындықтарына қарама-қарсы көк сызықтар бойымен мемлекеттік туға қарап сапқа тұрады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады (қысқартылған нұсқаға рұқсат етіледі).

Әнұранның толық нұсқасы орындалған жағдайда командалар мұзға матч басталғанға дейін 4 минут 30 секунд бұрын шақырылады.

7) Матч басталғанға дейін 15 секунд – бастапқы бестіктердің хоккейшілері орталық шеңберде шайба тастауға арналған орындарға тұрады. Қақпашылар өз қақпаларында орын алады. Таблодағы кері санақ аяқталады. Бас төреші шайбаны тастайды.

Осы баптың 7.2. тармақшасының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік (айыппұл санкциялары) Қатысу туралы шарттарда белгіленеді және айқындалады.

7.2.2 Матч алдындағы қыздыру жаттығуының сақталуын матчтың бас төрешісі және/немесе матч инспекторы бақылайды. Оқиғалар немесе қақтығыс жағдайлары туындаса, аталған тұлғалар ҚХФ-ға дереу хабарлауға міндетті. ҚХФ басшысы кінәлі тұлғаларға (клуб басшыларына, хоккейшілерге, жаттықтырушыларға, клубтардың ресми өкілдері мен қызметкерлеріне) тәртіптік санкциялар мен шеттетулер қолдану туралы, оның ішінде матч басталғанға дейін шешім қабылдауға құқылы.

7.2.3 Матч алдындағы қыздыру жаттығуы кезінде қорғаныш әйнегі, борт немесе өзге жабдық зақымданса, жаттығу зақымдар жойылғанға дейін тоқтатылады. Спорт ғимаратының әкімшілігі зақымдарды жедел жоюға міндетті. Оларды жоюға жұмсалған уақыт қыздыру жаттығуының уақытына қосылады, бірақ 5 минуттан аспайды.

7.2.4 Шайба тастау және матчтың басталуы дәл ҚХФ бекіткен уақытта жүзеге асырылуға тиіс. Матчтың белгіленген басталу уақытынан кез келген ауытқу матч хаттамасында тіркеледі. «Үй иесі» Хоккей клубы осы Регламенттің Тәртіптік бөліміне сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

7.2.5 Командалардың үзілістерде және матч аяқталғаннан кейін мұз айдынына шығуы және одан кетуі тәртібі:

Командалар шығатын бөлек дәліздері бар ареналар үшін:

- Үзіліс аяқталғанға дейін 3 минут – киім ауыстыру бөлмелерінде сигнал беріледі. Төрешілер мұзға шығады.
- Үзіліс аяқталғанға дейін 2 минут – сигнал беріледі. Командалар киім ауыстыру бөлмелерінен шығып, мұзға шығады.

Командалар шығатын ортақ дәлізі бар ареналар үшін:

- Үзіліс аяқталғанға дейін 3 минут – сигнал беріледі. Төрешілер мұзға шығады.
- Үзіліс аяқталғанға дейін 2 минут – сигнал беріледі. «Қонақ» команда бірінші болып киім ауыстыру бөлмесінен шығып, мұзға шығады.
- Үзіліс аяқталғанға дейін 1 минут 30 секунд – сигнал беріледі. «Үй иесі» команда киім ауыстыру бөлмесінен шығып, мұзға шығады.

7.2.6 Кезең (овертайм, матч) аяқталғаннан кейін мұз айдынынан кету тәртібі:

- Бөлек дәліздері бар ареналарда командалар мұздан бір мезгілде кетеді.
- Ортақ дәлізі бар ареналарда «қонақ» команда мұздан бірінші кетеді. «Үй иесі» команда «қонақ» команданың соңғы ойыншысы алаңнан кеткенге дейін өз қосалқы ойыншылар орындығының жанында қалады, содан кейін мұздан кетеді.

7.2.7 Төрешілер командалардың шығуы мен кетуі процесін бақылауға және реттеуге міндетті.

7.2.8 Матчқа қатысқан барлық хоккейшілер матчтан кейінгі қол алысуға қатысуға міндетті. Бірінші кезең матчтарында қол алысу әр матчтан кейін өткізіледі. Екінші кезең (плей-офф) матчтарында қол алысу серияның соңғы матчынан кейін ғана өткізіледі. **Осы баптың 7.2.8 тармағының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік (айыппұл санкциялары) Қатысу туралы шарттарда белгіленеді және айқындалады.**

7.3Чемпионат туралы ақпарат

7.3.1 Чемпионатты дыбыстық, бейне және көрнекі түрде кез келген атап өту ҚХФ бекіткен Чемпионаттың дәл ресми атауымен, оның ішінде ҚХФ титулдық серіктесінің атауымен міндетті түрде сүйемелденуге тиіс.

Чемпионаттың толық ресми атауы дыбыстық түрде мына кезде айтылуға тиіс:

•матч басталар алдында (басталуына 10 минуттан ерте емес);

•кезеңдер арасындағы әр үзілісте;

•матч аяқталғаннан кейін.

7.3.2 Спорт ғимаратының ақпараттық таблосында бүкіл матч бойы мыналар көрсетілуге тиіс:

1) Чемпионаттың дәл ресми атауы;
2) ойнайтын командалардың атаулары;
3) матчтың ағымдағы есебі.

7.3.3 Кезеңдер арасындағы үзілістерде ақпараттық таблода келесі кезең басталғанға дейінгі уақыттың кері санағы жүргізілуге тиіс.

7.3.4 Матч басталғанға дейін бір сағат бұрын ақпараттық таблода ойынның басталуына дейінгі уақыттың кері санағы басталуға тиіс.

Регламенттің осы бабының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік, оның ішінде айыппұл санкциялары Қатысу туралы шарттарда белгіленеді және айқындалады.

7.4Мемлекеттік Ту

7.4.1 Чемпионат матчтары өткізілетін спорт ғимаратының хоккей алаңы мұз бетінің үстінде, ең көрнекті жерде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы илінуге тиіс.

7.4.2 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын орналастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы № 873 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларының 13-тармағына сәйкес белгіленген.

Регламенттің осы бабының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік, оның ішінде айыппұл санкциялары Қатысу туралы шарттарда белгіленеді және айқындалады.

7.5Мемлекеттік Әнұран

7.5.1 Чемпионаттың әр матчы басталар алдында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.

7.5.2 Мемлекеттік Әнұранның орындалуы басталғаннан аяқталғанға дейін матчқа қатысатын әр команда толық құрамымен (матчтың ресми өтініміне енгізілген) өз қорғаныс аймағын шектейтін көк сызық бойымен бір қатарға сапқа тұруға тиіс. Матчқа қатысуға өтінімге енгізілген барлық хоккейшілер, қақпашыны қоса алғанда, әнұран орындалған бүкіл уақыт бойы дулығаларын шешіп, Мемлекеттік Туға қарап, оң қолын жүрек тұсына қойып (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін), өз командасының сапында қалуға міндетті. Мемлекеттік Әнұранның қысқартылған нұсқасын орындауға рұқсат етіледі.

7.5.3 Хоккейшілер, жаттықтырушылар, Хоккей клубтарының басшылары мен өзге лауазымды тұлғалары, төрешілер, инспекторлар және ҚХФ лауазымды тұлғалары әнұран орындалған кезде Мемлекеттік Туға қарап тұрып, жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын және Мемлекеттік рәміздерге құрметті сақтай отырып, өз орындарында қалуға тиіс.

7.5.4 Мемлекеттік Әнұран орындалған кезде спорт ғимаратының ақпараттық таблосында матч қатысушылары мен көрермендеріне оны орындауға көмектесу үшін Мемлекеттік Әнұран мәтіні динамикалық режимде және баспа түрінде көрсетілуге тиіс.

Регламенттің осы бабының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік, оның ішінде айыппұл санкциялары Қатысу туралы шарттарда белгіленеді және айқындалады.

3-ТАРАУ. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

1-БАП. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

1.1. Спорттық жарыстарды өткізу кезінде спортшылар мен жаттықтырушыларды медициналық қамтамасыз ету және оларға медициналық көмек көрсету Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №361 бұйрығымен бекітілген «Спорттық іс-шараларды өткізу кезінде, спортшыларда қарқынды дене жүктемелерінен, аурулар мен жарақаттардан кейінгі қалпына келтіру іс-шаралары кезеңінде спортшылар мен жаттықтырушыларды медициналық қамтамасыз ету және

оларға медициналық көмек көрсету қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

2-БАП. ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2.1. Чемпионаттың барлық қатысушылары Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасының талаптарын, Дүниежүзілік допингке қарсы кодекстің (WADA) ережелерін, IIHF допингке қарсы қағидаларын, сондай-ақ өзге міндетті допингке қарсы нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға міндетті.

2.2. Уәкілетті допингке қарсы ұйымдар Чемпионат қатысушыларына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында, Дүниежүзілік допингке қарсы кодексте (WADA) және қолданылатын допингке қарсы қағидаларда белгіленген тәртіппен жарыс кезеңінде де, жарыстан тыс кезеңде де допинг-бақылау жүргізе алады.

2.3. Чемпионат қатысушылары допинг-бақылауды өткізуге толық жәрдемдесуге және уәкілетті допингке қарсы ұйымдардың барлық заңды талаптарын орындауға міндетті.

2.4. Допингке қарсы қағидаларды бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына және қолданылатын допингке қарсы қағидаларға сәйкес тәртіптік және өзге жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4-ТАРАУ. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

1-БАП. ХОККЕЙ КЛУБТАРЫ/МЕКТЕПТЕРІ/БӨЛІМШЕЛЕРІ КОМАНДАЛАРЫНЫҢ ӨТІНІМІ

1.1. КОМАНДАНЫҢ ӨТІНІМ БЕРУ МЕРЗІМДЕРІ

1.1.1. Чемпионатқа қатысуға жіберілетін командалардың тізбесін айқындау үшін ҚХФ Чемпионат басталғанға дейін командаларының Чемпионатқа қатысуы туралы шарттар жасасқан барлық хоккей мектептері/клубтары/бөлімшелері арасында өтінім науқанын өткізеді.

1.1.2. ҚХФ әрбір хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі үшін уәкілетті өкілден команданың Чемпионатқа қатысу өтінімінің және белгіленген құжаттар жинағының қабылданатын күні мен уақытын айқындайды.

1.1.3. Өтінім бланкісінің түпнұсқасы расталғаннан кейін 7 жұмыс күні ішінде тіркеу үшін ҚХФ-ға жіберіледі.

1.2. КОМАНДА ӨТІНІМІНІҢ НЫСАНЫ

1.2.1. Хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі командасының өтінімі ҚХФ белгілеген нысан бойынша баспа және/немесе электрондық түрде беріледі және команданың жаттықтырушыларын қоса алғанда, команданың атаулы өтінім тізімін қамтуға тиіс. Ол мына тұлғалармен куәландырылады:

- хоккей мектебінің/клубының/бөлімшесінің дәрігері;
- медициналық қызметті жүргізуге мемлекеттік лицензиясы бар медициналық мекеме дәрігерінің қолы және мекеменің мөрі;
- медициналық қызметті жүргізуге мемлекеттік лицензиясы бар медициналық мекеме;
- хоккей мектебінің/клубының/бөлімшесінің басшысы;
- облыстық/қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы;
- ҚХФ облыстық/қалалық филиалының және/немесе аккредиттелген өңірлік федерацияның басшысы.

1.2.2. ҚХФ БАЖ-ына команданың Чемпионатқа қатысу өтінім парағына осы Регламентке сәйкес Чемпионатқа қатысу үшін қажетті барлық құжаттардың сканерленген көшірмелері жүктеледі.

1.3. ХОККЕЙШІЛЕРДІ ӨТІНІМГЕ ЕНГІЗУ ШАРТТАРЫ

1.3.1 Хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі командасының өтінімінде мына шарттар бір мезгілде орындалған жағдайда хоккейшілер көрсетілуі мүмкін:

- Хоккейшінің хоккей мектебімен/клубымен/бөлімшесімен ҚХФ бекіткен үлгілік нысан бойынша жасалған шарты не мектеп/клуб/бөлімше мен жасөспірім немесе оның заңды өкілі арасында спорттық даярлық туралы ішкі шарты не БЖСМ-ге/мектепке/клубқа/бөлімшеге қабылдау туралы бұйрығы бар.
- Хоккейшінің денсаулық жағдайы бойынша Чемпионатқа қатысуына шектеулер жоқ.
- Хоккейші ҚХФ Бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізілген.

1.3.2 ҚХФ шешімі бойынша хоккей мектебінің/клубының/бөлімшесінің басшысы бұрыштама қойған команда жаттықтырушысының жазбаша өтінішхаты, ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің

нотариат куәландырған келісімі және хоккей жарыстарына жіберу туралы медициналық қорытынды негізінде команда құрамына бір жас кіші хоккейшілер енгізілуі мүмкін.

Ескертпе. Хоккейшілер нөмірлерімен өтінімге енгізіледі, оларды бүкіл Чемпионат бойы өзгертуге жол берілмейді. Хоккейші ағымдағы маусымда бір хоккей командасы үшін 2 (екі) реттен артық өтінімге енгізілмейді. Бір жас кіші ойыншыларға өз жас санатында да, бір жас үлкен санатта да, бірақ тек аттас спорт/хоккей командасы/мектебі/клубы/бөлімшесі үшін қатысуға рұқсат етіледі.

1.4. ШЕТЕЛДІК ХОККЕЙШІЛЕРДІ ӨТІНІМГЕ ЕНГІЗУ ШАРТТАРЫ

1.4.1. Өтінім беруші тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Регламентте белгіленген шектеулерге сәйкес шетел азаматтығы бар немесе азаматтығы жоқ тұлға мәртебесіндегі хоккейшіні Чемпионатқа қатысуға өтінімге енгізуге құқылы.

1.4.2. Мұндай хоккейшінің қатысуы үшін өтінім беруші тарап әрбір өтінімге енгізілетін хоккейшіге қатысты мыналарды ұсынады:

- хоккейшіге немесе оның ата-анасының біріне/заңды өкіліне Қазақстан Республикасында уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсат берілгенін растайтын құжат;
- хоккейшінің Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру мекемесінде оқитынын растайтын фотосуреті бар анықтама;
- хоккейшінің немесе оның ата-анасының бірінің/заңды өкілінің тұрғылықты жерін растайтын анықтама.

1.4.3. Шетел азаматтығы бар немесе азаматтығы жоқ тұлға мәртебесіндегі хоккейшінің Чемпионатқа қатысуын қаржыландыруды өтінім беруші тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

1.4.4. Шетелдік хоккейшінің тиісті хоккей мектебіне/клубына/бөлімшесіне қабылдау туралы шарты немесе өзге құжаты болуға, денсаулық жағдайы бойынша шектеулері болмауға және ҚХФ Бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізілуге тиіс.

1.5. КОМАНДА ӨТІНІМІНЕ ҚОСА БЕРІЛЕТІН ҚҰЖАТТАР

1.5.1. Хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі командасының өтініміне мыналар қоса беріледі:

- өтінімде көрсетілген хоккейшілердің жеке басын және азаматтығын куәландыратын паспорттарының беттерінің немесе өзге құжаттарының көшірмелері, БАЖ-ға қосу арқылы;
- хоккейшілердің спорттық даярлығын/қабылдануын растайтын шарттар немесе өзге құжаттар, БАЖ-ға қосу арқылы;
- жаттықтырушылар құрамының құжаттарының көшірмелері: жеке басты куәландыратын құжаттар, дипломдар, сертификаттар және кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын өзге құжаттар;
- барлық хоккейшілердің команданың «үйдегі» формасымен, дулығасыз, алдынан түсірілген, жейде түсіне қарама-қарсы біркелкі ашық фонда, қатты көлеңкесіз жеке түрлі түсті фотосуреттері;
- «үйдегі» матчтарды өткізу жоспарланған спорт ғимаратының сыртқы және ішкі көріністерін қоса алғанда, кемінде үш фотосуреті;
- барлық хоккейшілер мен жаттықтырушылардың Хоккей ойынының қағидаларымен және осы Регламентпен танысу хаттамасы;
- команда хоккейшілерінің сақтандыру құжаттарының көшірмелері.

1.5.2. ҚХФ белгілеген өтінім мен құжаттар жинағын ұсыну мерзімі бұзылған, сондай-ақ толық емес немесе тиісінше рәсімделмеген құжаттар жинағы ұсынылған жағдайда ҚХФ толық және тиісінше рәсімделген құжаттар жинағын ұсынуға 7 жұмыс күніне дейін мерзімін кейінге қалдыруға құқылы.

1.5.3. Мерзімді кейінге қалдыру ҚХФ шешімімен бір рет берілуі мүмкін.

1.5.4. Егер ҚХФ белгілеген мерзімде хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі толық және тиісінше рәсімделген құжаттар жинағын ұсынбаса, ҚХФ команданың Чемпионатқа қатысуынан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

1.5.5. Белгіленген мерзімде толық және тиісінше рәсімделген құжаттар жинағын ұсынған хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің командалары осы Регламенттің өзге талаптарын сақтаған жағдайда Чемпионат қатысушылары болады.

1.6. ХОККЕЙШІЛЕРДІ ҚОСЫМША ӨТІНІМГЕ ЕНГІЗУ

1.6.1. Хоккейшілерді қосымша өтінімге енгізу маусым бойы жүргізіледі және 20 наурызда Астана қ. уақыты бойынша 12:00-де аяқталады. Ағымдағы маусымның 20 наурызынан кейін хоккейшілердің бір хоккей мектебінен/клубынан/бөлімшесінен екіншісіне кез келген ауысуына және Чемпионатқа қатысатын командалар құрамына жаңа хоккейшілерді кез келген қосымша өтінімге енгізуге тыйым салынады. Ағымдағы маусымда 2 (екі) ауысудан артық рұқсат етілмейді.

1.6.2. Қосымша өтінім беру кезеңінен тыс уақытта құрамында екі қақпашысы бар хоккей мектептеріне/клубтарына/бөлімшелеріне команда қақпашыларының бірі жарақат алған жағдайда, жарақатты растайтын медициналық құжаттарды ұсынған кезде қақпашыны қосымша өтінімге енгізуге рұқсат етіледі.

1.6.3. Кез келген жаңа хоккейшіні қосымша өтінімге енгізген кезде хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі ҚХФ-ға оған қатысты осы Регламентте бастапқы өтінім үшін көзделген барлық құжаттарды ұсынуға міндетті.

1.7. ӨТІНІМ ТІЗІМІНДЕГІ ХОККЕЙШІЛЕР САНЫ

1.7.1. Чемпионат басталған күннен ағымдағы маусымның 30 сәуіріне дейінгі кезеңде хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі командасының негізгі өтінім тізіміндегі хоккейшілердің жалпы саны 35 хоккейшіден аспауға тиіс.

1.7.2. Команда өтінімінде Қазақстан Республикасының немесе басқа елдің екі және одан көп хоккей мектебімен/клубымен/бөлімшесімен бір мезгілде қолданыстағы шарттары бар хоккейші болмауға тиіс.

1.7.3. Хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі іссапарға жіберуші ұйымның есебінен Чемпионаттың сырт алаңдағы матчтарына 30 хоккейшіден артық жіберуге құқылы емес.

2-БАП. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

2.1. КОМАНДАНЫҢ ЖЕКЕ МАТЧҚА ӨТІНІМІ

2.1.1. Хоккей мектебі/клубы/бөлімшесінің командасы Чемпионаттың кез келген жеке матчына команданың өтінім тізіміндегі хоккейшілерді ғана енгізуге құқылы.

2.1.2. Команда Чемпионаттың кез келген жеке матчына 22 хоккейшіден артық енгізуге құқылы емес: 2 қақпашы және 20 алаң ойыншысы. Матчты бастауға рұқсат етілетін ең аз саны – 12 хоккейші (2 қақпашы және 10 алаң ойыншысы).

2.1.3. Команданың Чемпионаттың жеке матчына өтінімінде екі қақпашы болуға тиіс. Егер матч алдындағы қыздыру жаттығуы кезінде қақпашылардың бірі матчқа қатысуға мүмкіндік бермейтін жарақат алса, ауыстырғаннан кейін команда өтінімі осы Регламенттің барлық өзге нормаларына сәйкес келген жағдайда оны үшінші қақпашымен ауыстыруға рұқсат етіледі.

2.1.4. Ойын алдындағы қыздыру жаттығуы мен матч кезінде қосалқы ойыншылар орындығындағы жаттықтырушылар штабы мен персонал құрамы 8 (сегіз) адамнан аспауға тиіс.

2.1.5. Ойын алдындағы қыздыру жаттығуы кезінде мұзда және қосалқы ойыншылар орындығында тиісті матчтың ресми өтініміне енгізілген хоккейшілер ғана бола алады.

2.2. МАТЧТЫҢ РЕСМИ ХАТТАМАСЫН РӘСІМДЕУ

2.2.1. Матч басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірмей команда төрешілер бригадасына алдағы матчқа команда құрамын ойын нөмірлерін өсу ретімен, хоккейшілердің амплуасы мен туған күндерін, сондай-ақ бестіктерге бөлінген құрамын көрсете отырып, баспа түрінде ұсынуға міндетті.

2.2.2. Матч алдындағы қыздыру жаттығуы аяқталғаннан кейін команда жаттықтырушысы матчтың ресми хаттамасында құрамның дұрыс толтырылуын тексеріп, оны бұрыштама қою арқылы растауға, ал матч аяқталғаннан кейін хаттаманы тексеріп, қол қоюға міндетті.

3-БАП. ЧЕМПИОНАТТАҒЫ ТӨРЕШІЛІК

3.1. ЧЕМПИОНАТ ТӨРЕШІЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1.1. Чемпионат матчтарына төрешілікті аттестаттаудан өткен және ҚХФ тағайындаған төрешілер жүзеге асырады.

3.1.2. Бас төрешілерді, сызықтық төрешілерді, матч инспекторларын және төрешілер бригадасының өзге ресми тұлғаларын тағайындауды, сондай-ақ төрешілік сапасын бақылауды ҚХФ жүзеге асырады.

3.1.3. Төрешілер IIHF Хоккей ойынының қағидаларын, IIHF Төрешілік жөніндегі нұсқаулығын, осы Спорттық бөлімді және ҚХФ-ның өзге нормативтік құжаттарын басшылыққа ала отырып, Чемпионат матчтарына объективті, тәуелсіз, адал және бейтарап төрешілік етуге міндетті.

3.1.4. Төрешілер Чемпионат матчтарын өткізу кезінде ҚХФ ресми өкілдері бола отырып, міндетті: кәсіби әдеп нормаларын сақтауға және жарыс қатысушыларына әдепті қарауға; өздерінің объективтілігі мен бейтараптығына күмән келтіретін әрекеттерге жол бермеуге; ҚХФ белгілеген іскерлік киім үлгісін (пиджак, шалбар, жейде) сақтауға; осы Спорттық бөлімге және матчтың бас төрешісінің нұсқауларына сәйкес міндеттерін орындауға.

3.2. Чемпионат матчы төрешілер бригадасының құрамы

3.2.1. Чемпионаттың әр матчының төрешілігін мұздағы төрешілерден және хоккей алаңынан тыс төрешілер бригадасынан тұратын төрешілер бригадасы жүзеге асырады.

3.2.2. Тікелей хоккей алаңында төрешілікті төрт (үш) төреші: екі (бір) бас төреші және екі сызықтық төреші жүзеге асырады.

Атауы	**Саны**	**Міндеттері**
Төреші-хатшы	1	**Төреші-хатшы міндетті:** **Матч басталғанға дейін:** 1) командалардың ресми өкілдерінен матчқа өтінім парақтарын алуға; 2) Бірыңғай ақпараттық жүйеде (БАЖ) Матчтың ресми хаттамасын рәсімдеуге, онда: әрбір хоккейшінің тегін, атын және ойын нөмірін; команда капитаны мен капитан көмекшілерін; мұздағы төрешілер бригадасының құрамын; мұздан тыс төрешілер бригадасының құрамын көрсетуге. **Матч кезінде:** 1) Матчтың ресми хаттамасына мына мәліметтерді уақтылы енгізуге: • соғылған шайбалар туралы; • шайба соққан хоккейшілердің және нәтижелі пас берген ойыншылардың нөмірлері туралы; • қақпаға шайба соғылған сәтте мұзда болған екі команда хоккейшілерінің нөмірлері туралы; • тағайындалған уақытын, айыптың ұзақтығын және айып салынған хоккейшілердің нөмірлерін көрсете отырып, төрешілер салған барлық айыптар туралы; • соққыны орындаған хоккейшінің нөмірін, қақпашының нөмірін және айып соққысының нәтижесін көрсете отырып, тағайындалған барлық айып соққылары туралы; • қосалқы қақпашының ойынға кірген уақыты туралы; • әр кезеңдегі ойыншылар мен қақпашылардың статистикалық көрсеткіштері, оның ішінде: қақпаға бағытталған соққылар саны; алаң ойыншылары бөгеген соққылар саны; шайба тастаулар саны және ұтқан шайба тастаулар саны; қақпашылар статистикасы туралы. **Матч барысында:** 1) әр ойналған кезеңнен кейін трансляция режиссеріне әр команда бойынша статистикалық деректерді дереу ұсынуға, оның ішінде: • соғылған шайбалар саны; • ұтқан шайба тастаулар саны; • қақпаға бағытталған соққылар саны; 2) әр соғылған шайбадан кейін трансляция режиссеріне шайба соққан хоккейшінің ойын нөмірін, нәтижелі пас берген ойыншылардың нөмірлерін, сондай-ақ қақпаға шайба соғылған ресми (хаттамалық) уақытты дереу хабарлауға. **Матч аяқталғаннан кейін:** 1) 30 (отыз) минут ішінде матчтың бас төрешісі мен командалардың ресми өкілдері қол қоюы үшін Матчтың ресми хаттамасын дайындауға; 2) командалардың ресми өкілдерінің өтініші

		бойынша Ресми хаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда матчтың бас төрешісіне хабарлауға және 10 (он) минут ішінде қол қою үшін хаттаманың жаңа редакциясын дайындауға. **Ескертпе:** Матчтың ресми хаттамасының уақтылы, дұрыс және толық рәсімделуіне жауапты.
Матч уақытының төрешісі	1	**Матч уақытының төрешісі міндетті:** 1) матч басталғанға дейінгі уақыттың кері санағын жүргізуге; 2) ойынның әр кезеңінің басталу және аяқталу уақытын тіркеуге; 3) бүкіл матч бойы нақты ойын уақытын бақылауға және есептеуге; 4) хоккейшілерге салынған барлық айыптардың басталу және аяқталу уақытын тіркеуге; 5) әр тайм-ауттың басталу және аяқталу уақытын тіркеуге; 6) дыбыстық сигнал (сирена) автоматты түрде берілмесе, сиренаны, дыбыстық сигналды не ысқырықты пайдаланып, әр кезеңнің немесе овертаймның аяқталуы туралы сигналды уақтылы беруге; екінші және үшінші кезеңдер басталғанға дейін үш минуттан кешіктірмей төрешілер мен екі командаға ойынның қайта басталуына қалған уақыт туралы алдын ала ескерту беруге.
Ақпарат беруші төреші	2	**Ақпарат беруші төреші міндетті:** Матч басталғанға дейін: • матчқа қатысатын командалардың құрамдарын жариялауға; • матчты бастау үшін командаларды ойын алаңына шақыруға; Матч кезінде: • шайба соққан хоккейшілердің, сондай-ақ нәтижелі пас берген ойыншылардың тегі мен ойын нөмірлерін жариялауға; • хоккейшінің тегін, ойын нөмірін және айып ұзақтығын көрсете отырып, салынған айыптар туралы мәліметтерді жариялауға; • айып уақытының аяқталуы және хоккейшінің мұзға оралуы туралы хабарлауға; • бірінші және екінші кезеңдердің соңғы минуты басталғанын хабарлауға; • үшінші кезеңнің соңғы екі минуты басталғанын хабарлауға; • матчты ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті өзге ақпаратты, оның ішінде матчтың бас төрешісінің немесе жарыс ұйымдастырушысының нұсқауы бойынша матч қатысушылары мен көрермендеріне уақтылы жеткізуге. Бейнеқарау жүргізілген кезде ақпарат беруші төреші тек матч төрешілері жеткізген ақпаратты жариялайды. Бейнеқараудың себептерін немесе нәтижелерін өз бетінше түсіндіруге жол берілмейді. Ескертпе: ақпарат беруші төрешінің функцияларын мемлекеттік және орыс тілдерін

		меңгерген тұлға орындай алады. Жаттықтырушы сұрауы кезіндегі хабарландыру үлгілері Жаттықтырушы сұрауы берілген кезде ақпарат беруші төреші мына тұжырымдардың бірін пайдаланады: • «А командасының (команда атауы) жаттықтырушысы қақпаға шайба соғылар алдындағы қақпашыға кедергі келтіру жағдайын тексеруге жаттықтырушы сұрауын береді»; • «А командасының (команда атауы) жаттықтырушысы қақпаға шайба соғылар алдындағы “ойыннан тыс” жағдайды тексеруге жаттықтырушы сұрауын береді»; • «А командасының (команда атауы) жаттықтырушысы қақпаға шайба соғылар алдындағы ойынның тоқтатылмай қалған жағдайын тексеруге жаттықтырушы сұрауын береді (бұзушылық түрі көрсетіледі: жоғары көтерілген таяқпен ойнау, қолмен пас беру, шайбаның ойын алаңынан шығуы, сандық құрамның бұзылуы және т.б.)». Айып салуға қатысты бейнеқарау кезіндегі хабарландыру үлгісі Айыптың дұрыс салынғанын анықтау үшін бейнеқарау жүргізілген кезде хабарланады: • «Айыптың дұрыс салынғанын тексеру үшін бейнеқарау жүргізілуде». Қақпаға шайба соғудың дұрыстығын бейнеқарау кезіндегі хабарландыру үлгілері Матч төрешілерінің бастамасы бойынша бейнеқарау жүргізілген кезде ақпарат беруші төреші мына тұжырымдардың бірін пайдаланады: • «Қақпаға шайба соғылған кезде шайбаны аяқпен (қолмен, баспен немесе дененің өзге бөлігімен) соғу жағдайын тексеру үшін бейнеқарау жүргізілуде»; • «Қақпаға шайба соғылған кезде жоғары көтерілген таяқпен ойнау жағдайын тексеру үшін бейнеқарау жүргізілуде»; • «Шайбаның қақпа сызығын кесіп өтуін тексеру үшін бейнеқарау жүргізілуде»; • «Орнынан жылжыған қақпаға соғылған шайбаны тексеру үшін бейнеқарау жүргізілуде»; • «Кезең уақыты аяқталғанға дейін шайбаның қақпа сызығын кесіп өтуін тексеру үшін бейнеқарау жүргізілуде»; • «Төрешіден кері серпілген шайбаның тікелей қақпаға түсуін тексеру үшін бейнеқарау жүргізілуде»; • «Қақпаға шайба соғудың дұрыстығын тексеру үшін бейнеқарау жүргізілуде»; • «Айып соққысын немесе матч жеңімпазын анықтауға арналған соққыны орындау кезінде қақпаға шайба соғудың заңдылығын тексеру үшін бейнеқарау жүргізілуде».
Айып салынған хоккейшілер жанындағы төреші	2	**Айып салынған хоккейшілер жанындағы төреші міндетті:** • айып салынған хоккейшілердің айыпты

		өтеудің бүкіл уақыты бойы айып салынған ойыншылар орындығында болуын бақылауға; • айып салынған хоккейшінің өтініші бойынша айыптың қалған уақыты туралы дұрыс ақпарат беруге; • айып мерзімі аяқталғаннан кейін не Хоккей ойынының қағидаларында көзделген өзге жағдайларда айып салынған хоккейшіге айып салынған ойыншылар орындығынан кетуге және мұзға оралуға рұқсат беруге; айып мерзімі аяқталғаннан кейін айып салынған хоккейшінің мұзға уақтылы шығуын қамтамасыз етуге.
Тіркеуші төреші	2	Тіркеуші төреші міндетті: • қақпаға әр шайба соғылғаннан кейін соғылған сәтте мұзда болған екі команда хоккейшілерінің ойын нөмірлерін тіркеуге; • көрсетілген мәліметтерді Матчтың ресми хаттамасына енгізу үшін матч хатшысына дереу беруге; қақпаға шайба соғылған сәтте мұзда болған ойыншылар құрамы туралы ақпараттың дұрыс және уақтылы тіркелуін қамтамасыз етуге.
Статистика төрешісі	2	**Статистика төрешісі міндетті:** әр команданың қақпаға бағыттаған соққыларының санын есепке алуға; алаң ойыншылары бөгеген соққылардың санын есепке алуға; шайба тастаулардың саны мен нәтижелерін, оның ішінде әр хоккейшінің ұтқан шайба тастаулар санын есепке алуға; статистикалық деректердің дұрыс және уақтылы жүргізілуін қамтамасыз етуге; ойналған кезең бойынша жиналған статистикалық деректерді Матчтың ресми хаттамасына енгізу және матчты ақпараттық сүйемелдеуде пайдалану үшін матч хатшысына дереу беруге.
Монитордағы төреші («Бейне-гол», «Бейнеқайталау» жүйелері)	1	**Монитордағы төреші («Бейне-гол» және «Бейнеқайталау» жүйелерінің) міндетті:** **Матч кезінде:** **1.** «Бейне-гол» және «Бейнеқайталау» жүйелерінің пайдалануға тұрақты дайындығын қамтамасыз етуге; **2.** матчтың бас төрешісінің сұрауы бойынша «Бейне-гол» жүйесінің камералары мен өзге бейнеқайталау жүйелерінен бейнематериалдарды дереу ұсынуға; **3.** бас төрешіге бейнематериалдарды қарау және талдау кезінде жәрдемдесуге; **4.** тиісті мәліметтерді Матчтың ресми хаттамасына енгізу үшін бейнематериалдарды пайдаланып, шайба соққан ойыншының және нәтижелі пас берген ойыншылардың дұрыс анықталғанын белгілеуге; **5.** мына жағдайларға байланысты ойын эпизодтарын қарау үшін бейнематериалдар ұсынуға: • шайбаның қақпа сызығын кесіп өтуі; • қақпа орнынан жылжығанға дейін шайбаның соғылуы;

		• кезеңнің ойын уақыты аяқталғанға дейін немесе одан кейін шайбаның соғылуы; • шайбаның қақпаға қолмен немесе аяқпен соғу арқылы бағытталуы; • төрешіден серпілген шайбаның қақпаға түсуі; • шайба соғылғанға дейін шабуылдаушы команда ойыншысының қақпа маңдайшасынан жоғары көтерілген таяқпен шайбаны ойнауы; • бейнежазбада көрсетілген болса, табло бойынша ресми ойын уақытын анықтау; • күш қолдану тәсілдері мен айыптардың дұрыс тағайындалуын қоса алғанда, Хоккей ойынының қағидаларын бұзушылықтарды қарау; шайба соққан ойыншыны және нәтижелі пас берген ойыншыларды нақтылау.
Жарнамалық үзілістерді үйлестіруші төреші	1	Жарнамалық үзілістерді үйлестіруші төреші (матчтың телевизиялық трансляциясы кезінде) міндетті: • жарыс Регламентіне сәйкес жарнамалық үзілістерді өткізу тәртібін матчтың бас төрешісімен, телевизиялық трансляция режиссерімен және өзге жауапты тұлғалармен келісуге; • жарыс Регламентінде көзделген жағдайларда жарнамалық үзілістерді өткізуді үйлестіруге; • жарнамалық үзілістерді ұйымдастыру кезінде төрешілер бригадасы, телевизиялық трансляция режиссері және техникалық қызметтер арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге; • жарнамалық үзіліс аяқталғаннан кейін телевизиялық трансляцияның ойынды қайта бастауға дайындығы туралы матчтың бас төрешісіне уақтылы хабарлауға; • жарнамалық үзілістердің белгіленген ұзақтығының сақталуын бақылауға; жарыс Регламентіне сәйкес жарнамалық үзіліс аяқталғаннан кейін матчтың уақтылы қайта басталуын қамтамасыз етуге.

3.2.3. Хоккей алаңының бортынан тыс төрешілер бригадасына кіретін тұлғалар, матч хатшысын қоса алғанда, өз міндеттерін тиісінше орындамағаны, қанағаттанарлықсыз жұмысы және функцияларын орындау кезінде жіберген өрескел қателері үшін осы Регламентке, Хоккей клубы мен тиісті тұлға арасында жасалған азаматтық-құқықтық шартқа, ал реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

3.3. Чемпионат матчының төрешілері мен инспекторын тағайындау және еңбегіне ақы төлеу тәртібі

3.3.1. ҚХФ шешімімен және осы Бөлімде көзделген жағдайларда матч кезінде төрешілік сапасын тікелей бақылауды матч инспекторы жүзеге асырады.

3.3.2. Хоккей алаңының борттарынан тыс төрешілер бригадасын тағайындауды тиісті Чемпионат матчы өз аумағында өткізілетін Хоккей клубы ҚХФ-мен келісу және міндетті аттестаттау арқылы жүзеге асырады.

3.3.3. Бас және сызықтық төрешілердің, матч инспекторының (тағайындалған жағдайда) еңбегіне, матч өтетін орынға баруы мен кері қайтуына, тамақтануына, матч өтетін жердегі қонақүйде тұруына ақы төлеуді ҚХФ клубтар төлейтін өтінім жарналары есебінен жүзеге асырады.

3.3.4. Хоккей алаңының борттарынан тыс төрешілер бригадасының еңбегіне ақы төлеуді «үй иесі» командалар ҚХФ бекіткен сметаға сәйкес жүзеге асырады.

3.4. Клубтардың төрешілерді ауыстыру туралы өтініштері

3.4.1. Хоккей клубтарының Чемпионат матчтарына тағайындалған төрешілер мен инспекторларды ауыстыру туралы өтініштері қабылданбайды және қаралмайды.

3.5. Ресми хаттаманы рәсімдеу, Чемпионат матчы аяқталғаннан кейінгі төрешілердің іс-қимыл тәртібі

3.5.1. Матч басталғанға дейін 90 (тоқсан) минуттан кешіктірмей Хоккей клубы төрешілер бригадасына қағаз тасығышта матчқа өтінім ұсынуға міндетті, онда: хоккейшілердің ойын нөмірлері (өсу ретімен), ойын амплуалары мен туған күндері көрсетілген команда құрамы; ойыншыларды бестіктерге бөлген команда құрамы; қосалқы ойыншылар орындығындағы бүкіл жаттықтырушылар штабы мен лауазымды тұлғалар туралы мәліметтер қамтылады.

3.5.2. Матч алдындағы қыздыру жаттығуы аяқталғаннан кейін команданың бас жаттықтырушысы (немесе өзге уәкілетті өкілі) ресми хаттамаға енгізілген команда құрамы туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеріп, өз қолымен растауға міндетті.

3.5.3. Матч аяқталғаннан кейін бас төреші дереу міндетті:

1) матч хатшысынан ресми хаттаманы алуға;

2) оның дұрыс рәсімделуін, оның ішінде: қорытынды есепті; салынған айыптарды; айып уақытын; шайба соққан ойыншыларды; нәтижелі пас берген ойыншыларды; ресми хаттамада көзделген өзге мәліметтерді тексеруге;

3) қажет болған жағдайда тиісті түзетулер мен жазбалар енгізуге;

4) хоккейшіге және (немесе) команданың ресми өкіліне ойын соңына дейінгі тәртіптік айып, матч соңына дейінгі тәртіптік айып, матч-айып немесе осы Спорттық бөлімде көзделген өзге тәртіптік санкциялар қолданылған жағдайда, ресми хаттаманың «Хоккейшілер мен команда өкілдерінің тәртіптік бұзушылықтары туралы» бөліміне жаза қолданылған бапты (тармақты, бап бөлігін) міндетті түрде көрсете отырып, тиісті жазба енгізуге;

5) матч аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) минуттан кешіктірмей матчтың ресми хаттамасына қол қоюға; қосымша қарауды талап ететін барлық мән-жайлар, оның ішінде: салынған үлкен айыптар; тәртіптік айыптар; ойынның (матчтың) соңына дейінгі тәртіптік айыптар; матч-айыптар; симуляция үшін айыптар; матч басталғанға дейін, матч кезінде немесе ол аяқталғаннан кейін мұз айдынында да, одан тыс жерде де болған өзге ерекше, қақтығысты немесе төтенше оқиғалар туралы ҚХФ өкілдеріне хабарлауға.

3.5.4. Матчқа қатысқан командалардың жаттықтырушылары матч аяқталғаннан кейін 60 минут ішінде матчтың ресми хаттамасына қол қойылуын қамтамасыз етуге міндетті.

3.5.5. Матчты дайындаудың, ұйымдастырудың және өткізудің белгіленген тәртібінің барлық бұзушылықтары, сондай-ақ Регламенттің осы бөліміне сәйкес Хоккей клубтарын тәртіптік не материалдық жауапкершілікке тартуға негіз болатын мән-жайлар бас төрешімен матчтың ресми хаттамасында міндетті түрде көрсетілуге тиіс.

3.5.6. 5.6 Хоккейшіге немесе команданың ресми өкіліне тәртіптік санкциялар қолданылған кезде бас төреші ресми хаттаманың тиісті бөлімінде тағайындалған жазаны көздейтін Регламенттің осы бөлімінің бабын, тармағын және (бар болса) баптың бөлігін көрсетуге міндетті.

3.5.7. Матчтардың ресми хаттамаларында қателер анықталған жағдайда (матч нәтижесіне әсер етпейтін) ҚХФ мұндай хаттамаларға өзгерістер енгізуге құқылы. Өзгерістер ҚХФ талдауы мен қорытындылары негізінде матч аяқталғаннан кейін 48 сағат ішінде Хоккей клубтары мен барлық мүдделі тараптарға хабарлай отырып енгізілуі мүмкін.

3.6. Жеке матчтағы төрешілік

3.6.1. Чемпионаттың әр матчының төрешілігін матчты өткізуге тағайындалған төрешілер Хоккей ойынының қағидалары (Төрешілік жөніндегі нұсқаулық) және осы Регламент негізінде объективті, адал және бейтарап жүзеге асыруға тиіс.

3.6.2. Чемпионат матчтарындағы төрешілер ҚХФ ресми тұлғалары ретінде екі команданың өкілдеріне әдепті қарауға, тиісінше емес мінез-құлыққа жол бермеуге, ҚХФ талаптарына сәйкес ұқыпты сыртқы келбетке ие болуға, матч инспекторының нұсқауларын бұлжытпай орындауға, Спорттық әдеп кодексі мен Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтауға тиіс.

3.7. Төрешілердің Чемпионат матчы өтетін орынға келу тәртібі

3.7.1. ҚХФ Чемпионат матчын өткізуге тағайындаған төрешілер матчқа дейін кемінде үш тәулік бұрын «алаң иесі» команданың Хоккей клубының басшылығына Чемпионат матчы өтетін орынға келу күні мен уақытын хабарлауға міндетті.

3.7.2. ҚХФ Чемпионат матчын өткізуге тағайындаған төрешілер матч жоспарланған қалаға матч басталғанға дейін 6 сағаттан кешіктірмей келуге міндетті.

3.7.3. Матчқа тағайындалған бір немесе бірнеше төреші келмеген жағдайда ҚХФ жоқ төрешілерді жедел ауыстыруға құқылы.

3.8. Чемпионат матчының төрешілігіне дайындалу тәртібі

3.8.1. Чемпионат матчы басталар алдында матчтың бас төрешілері (төрешісі) міндетті:

- хоккей алаңын қарап шығуға, мұз бетінің сапасы мен матч өткізуге жарамдылығын, борттар мен қорғаныш әйнектерінің, хоккей қақпалары торы мен қаңқасының жай-күйін бағалауға;
- спорт ғимаратында медициналық персоналдың, өрт сөндіру қызметі өкілдерінің және ішкі істер органдары өкілдерінің болуын тексеруге;
- ақпараттық таблоның жұмысын тексеруге;
- спорт ғимаратының матч өткізуге дайындығы туралы құжаттардың болуын тексеруге;
- төрешілер үстелінде «Бейне-гол» жүйесінің бар екеніне көз жеткізуге, «алаң иесі» командаңың хоккей клубының техникалық өкілімен бірлесіп оның жұмысқа жарамдылығын тексеруге;
- матч алдындағы қыздыру жаттығуына қатысатын хоккейшілердің толық ойын формасы мен жабдығының дұрыс екеніне және бар екеніне көз жеткізуге. Ойын жейдесінде тегі жазылмаған хоккейші Чемпионат матчына жіберілмейді;
- Тексерулер мен қарап шығулардың нәтижелері бойынша матчтың бас төрешісі «алаң иесі» командаңың хоккей клубының лауазымды тұлғаларының назарын матчқа дайындық кезінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді дереу жоюға аударуға міндетті. Бас төреші барлық ескертулерді матчтың ресми хаттамасында көрсетуге міндетті.
- Матчты тиісінше және/немесе қауіпсіз өткізуге кедергі келтіретін осы Бөлімнің елеулі бұзушылықтары анықталған жағдайда матчтың бас төрешісі жедел шешімдер қабылдау үшін ҚХФ-ға олар туралы дереу баяндауға міндетті.
- Матчта инспектор болған жағдайда жоғарыда көрсетілген барлық тексеру іс-шаралары мен қарап шығуларды матчтың бас төрешісі матч инспекторымен бірлесіп жүргізеді.

3.9. Матчтың бас төрешісінің құқықтары

3.9.1. Чемпионат матчының бас төрешілері (төрешісі) қақпаға шайба соғуға байланысты даулы жағдай туындаған кезде матч барысында өз қалауы бойынша «Бейне-гол» жүйесін пайдалана алады, қақпаға шайба соғылар алдындағы қақпашыға кедергі келтіру, байқалмай қалған ойыннан тыс жағдай және ойынның тоқтатылмай қалуы (қолмен пас беру, жоғары көтерілген таяқпен ойнау, шайбаның ойын алаңынан шығуы, шайба соғылған сәттегі сандық құрамның бұзылуы) туралы жаттықтырушы сұрауларын қоспағанда.

3.10. «Бейне-гол» жүйесін пайдалану тәртібі

3.10.1. Қақпаға шайба соғуға байланысты даулы жағдай туындағанда матчтың бас төрешісі өз бастамасы бойынша «Бейне-гол» жүйесін пайдалануға құқылы, мына жағдайларға қатысты жаттықтырушы сұрауларын қараудан басқа:

- қақпаға шайба соғылар алдындағы қақпашыға кедергі келтіру;
- қақпаға шайба соғылар алдындағы байқалмай қалған «ойыннан тыс» жағдай;
- қақпаға шайба соғылар алдындағы ойынның тоқтатылмай қалуы (қолмен пас беру, жоғары көтерілген таяқпен ойнау, шайбаның ойын алаңынан шығуы, қақпаға шайба соғылған сәттегі командаңың сандық құрамының бұзылуы).

3.10.2. Бейнежазбаны қарау кезінде тек матчтың бас төрешісі, матч инспекторы, резервтік бас төреші және «Бейне-гол» жүйесінің жұмысын қамтамасыз ететін техникалық маман ғана қатыса алады.

3.11. Чемпионат матчының резервтік бас төрешісін тағайындау

3.11.1. Чемпионаттың екінші кезеңінің матчтарына ҚХФ резервтік бас төрешіні тағайындауға құқылы.

3.11.2. Матчтың бас төрешісі немесе сызықтық төрешілердің бірі матч барысында өз міндеттерін орындауды жалғастыра алмаған жағдайда резервтік бас төреші бас төрешінің немесе сызықтық төрешінің міндеттерін орындайды.

3.11.3. Резервтік бас төреші міндетті:

- бас төрешіге міндеттерін орындау кезінде жәрдемдесуге;
- матч алдындағы қыздыру жаттығуының өткізілуін, сондай-ақ хоккейшілердің ойын формасы мен жабдығының Регламент талаптарына сәйкестігін бақылауға;
- матч барысы мен төрешілер бригадасының әрекеттерін қадағалауға;

- «Бейне-гол» жүйесін пайдаланып, даулы ойын эпизодтарын қарауға қатысуға;
- бас төрешінің, сызықтық төрешілердің және матч инспекторының көру аймағынан тыс болған бұзушылықтар немесе өзге оқиғалар туралы ҚХФ-ға баянат ұсынуға.

3.12. Жарнамалық үзілістер

3.12.1. Чемпионаттың әр матчы кезінде әрқайсысының ұзақтығы 70 секунд болатын 6 (алты) жарнамалық үзіліс жарияланады.

3.12.2. Жарнама үйлестірушісі төрешілер бригадасының құрамына кіреді.

3.12.3. Матчтың телехабар таратушысы операторлық телефон гарнитурасы арқылы жарнама үйлестірушісі мен трансляция режиссерінің екіжақты байланысын қамтамасыз етеді.

3.12.4. Жарнамалық үзіліс уақыты келген кезде төрешілер бригадасының үстелі жанындағы жарнама үйлестірушісі жарнамалық үзілістің қызыл шамын қосады.

3.12.5. Бас төрешінің ысқырығымен ойын тоқтатылғаннан кейін және осы Бап талаптары сақталған жағдайда жарнама үйлестірушісі телехабар таратушыға жарнамалық үзілістің басталғанын хабарлайды және бір мезгілде уақыт санағын бастайды.

3.12.6. Жарнамалық үзілісті жариялау және өткізу тәртібі: сызықтық төрешілердің бірі шайбаны алдағы шайба тастау орнында мұзға қояды. Бас төрешілер ойын хатшысының орындығына барады. Хоккейшілер өз орындықтарына бағытталады. Екінші сызықтық төреші командалардың орындықтары арасында орын алады.

- 50 секунд белгісінде жарнама үйлестірушісі бас төрешіге хоккейшілерді шайба тастау орнына қайтару үшін ысқырық беру қажеттігін хабарлайды.
- 65 секунд белгісінде сызықтық төреші жарнама үйлестірушісінен ойынды жалғастыруға дайындық сигналын алады.
- 70 секунд белгісінде жарнама үйлестірушісі қызыл шамды өшіреді және матч қайта жалғасуға тиіс.

3.12.7. Жарнамалық үзілістерді өткізудің уақыт аралықтары:

Бірінші кезең:

- № 1 үзіліс – 14:00 минутта;
- № 2 үзіліс – 8:00 минутта.

Екінші кезең:

- № 3 үзіліс – 14:00 минутта;
- № 4 үзіліс – 8:00 минутта.

Үшінші кезең:

- № 5 үзіліс – 14:00 минутта;
- № 6 үзіліс – 8:00 минутта.

3.12.8. Жарнамалық үзілістер ойын тең құрамда (3×3, 4×4, 5×5 немесе 6×6) тоқтаған кезде ғана өткізіледі. Құрамдар тең болмаған жағдайда (оның ішінде айып салынғанда) жарнамалық үзіліс жарияланбайды.

3.12.9. Бірінші және екінші кезеңдер аяқталғанға дейін 30 секунд қалғанда, сондай-ақ үшінші кезең аяқталғанға дейін 2 минут қалғанда жарнамалық үзілістер өткізілмейді.

3.12.10.Белгіленген уақытта жарнамалық үзілісті жариялау мүмкін болмаса (айып, соғылған шайба, шайбаны алысқа тастау, қақпашының ойынды тоқтатуы және т.б. салдарынан), ол сол уақыт аралығындағы ойынның келесі тоқтауына ауыстырылады. Қайта өткізіліп алынған жағдайда барлық жарнамалық үзілістер толық пайдаланылғанға дейін рәсім қайталанады.

Ерекшелік: үлкен бес минуттық айып (сәйкес келмейтін) салынған кезде жарнамалық үзіліс ысқырықтан кейін қалыпты тәртіппен жарияланады.

3.12.11.Жарнамалық үзілістер кезінде:

- Қақпашыларға қақпадан кетіп, өз командасының орындығына баруға рұқсат етіледі.
- Бас төреші шайба тастау аймағына оралу сигналын бергеннен кейін (үзіліс аяқталғанға дейін 20 секунд бұрын) командаларға буындарды ауыстыруға рұқсат етіледі.
- Үзіліс аяқталғанға дейін 20 секунд бұрын командаларға ресми тайм-аут алуға рұқсат етіледі.

3.12.12.Мына жағдайларда жарнамалық үзілісті жариялауға тыйым салынады:

- Хоккейшінің жарақаты;
- Ойын аймағының зақымдануы немесе қалпына келтірілуі (әйнек, борттар, қорғаныш торы);
- Жағдайды шешу үшін қосымша уақытты талап ететін кез келген қалыптан тыс кідіріс.

4-БАП. ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАРЫ

4.1. МЕКТЕПТЕРДІҢ/КЛУБТАРДЫҢ/БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ӨТІНІМ ЖАРНАЛАРЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНСФЕР

4.1.1. Чемпионатқа қатысу үшін Хоккей клубы ҚХФ-мен Қатысу туралы шарт жасасуға міндетті.

4.1.2. Хоккей клубы Қатысу туралы шартта белгіленген мөлшерде және мерзімде өтінім жарнасын төлеуге міндетті.

4.1.3. Чемпионатқа қатысу өтінімдері Қатысу туралы шартта көзделген тәртіппен және мерзімде өтінім жарнасын төлеу міндеттемелерін орындаған Хоккей клубтарынан ғана қарауға қабылданады.

4.1.4. Өтінім жарнасын төлеу осы Регламентте белгіленген тәртіппен Чемпионатқа қатысу құқығын береді және консультациялық, ақпараттық не өзге қызметтерге ақы төлеу болып табылмайды.

4.1.5. Осы Регламентте көзделген өтінім жарнасы мен өзге төлемдер Қатысу туралы шартта көрсетілген не ҚХФ хоккей клубына ресми хабарлаған ҚХФ банк шотына ақшалай қаражатты қолма-қол ақшасыз аудару арқылы төленеді.

4.1.6. 2026–2027 жылдар маусымында ойыншының халықаралық трансферін рәсімдеу жарнасының мөлшері IIHF Регламентіне сәйкес айқындалады. Жарнаның нақты мөлшері, сондай-ақ оны төлеу тәртібі мен мерзімдері Қатысу туралы шартта белгіленеді.

4.1.7. Алдыңғы маусымның Чемпионатына қатыспаған хоккей командасының Чемпионатқа қатысу жарнасының мөлшері, төлеу тәртібі мен мерзімдері Қатысу туралы шартқа сәйкес айқындалады.

5-ТАРАУ. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

1-БАП. НӘТИЖЕЛЕРДІ АНЫҚТАУ

1.1 Ұпай есептеу

1.1.1. Чемпионаттың әр матчының нәтижесі бойынша командаларға мынадай ұпайлар есептеледі:

1) негізгі уақытта, овертаймда не матчтан кейінгі соққылар сериясының нәтижесі бойынша жеңіске жеткен командаға – **2 (екі) ұпай;**

2) жеңілген командаға:

- овертаймда немесе матчтан кейінгі соққылар сериясының нәтижесі бойынша – 1 (бір) ұпай;
- матчтың негізгі уақытында – 0 (нөл) ұпай.

1.2 Орындарды бөлу және Чемпионаттың түпкілікті қорытындысын шығару

1.2.1. Чемпионаттың тұрақты маусымы (бірінші кезең) қорытындысы бойынша командалардың орындары өткізілген барлық матчтарда жинаған ұпайларының ең көп сомасына қарай анықталады.

1.2.2. Чемпионаттың бірінші кезеңі барысында және оның қорытындысы бойынша екі немесе одан көп команданың ұпайлары тең болған жағдайда мына өлшемшарттар ретімен қолданылады:

1.2.3. Ұпайлары тең командалардың өзара кездесулерінде ең көп ұпай жинаған команда жоғары орын алады.

1.2.4. 1.2.3 тармақшасының өлшемшарты бойынша тең болған жағдайда Чемпионаттың барлық матчтарында негізгі уақытта ең көп жеңіске жеткен команда жоғары орын алады.

1.2.5. 1.2.4 тармақшасының өлшемшарттары бойынша тең болған жағдайда ұпайлары тең командалардың өзара кездесулеріндегі соғылған және өткізілген шайбалар айырмасы үздік команда жоғары орын алады.

1.2.6. 1.2.5 тармақшасының өлшемшарттары бойынша тең болған жағдайда Чемпионаттың барлық матчтарындағы соғылған және өткізілген шайбалар айырмасы үздік команда жоғары орын алады.

1.2.7. 1.2.6 тармақшасының өлшемшарттары бойынша тең болған жағдайда Чемпионаттың барлық матчтарында ең көп жеңіске (негізгі уақытта, овертаймда және буллиттер бойынша) жеткен команда жоғары орын алады.

1.2.8. 1.2.7 тармақшасының өлшемшарттары бойынша тең болған жағдайда Чемпионаттың барлық матчтарында ең көп шайба соққан команда жоғары орын алады.

1.2.9. Жоғарыда көрсетілген барлық өлшемшарттар бойынша тең болған жағдайда орындар алдыңғы маусым қорытындысы бойынша командалардың рейтингіне сәйкес бөлінеді.

1.2.10. Чемпионаттың чемпионы, күміс және қола жүлдегерлері Плей-офф қорытындысы бойынша анықталады.

1.2.11. Плей-офф финалдық сериясында жеңген команда Қазақстан Республикасының Чемпионы атанады.

1.2.12. Плей-офф финалдық сериясында жеңілген команда Чемпионаттың күміс жүлдегері атанады.

1.2.13. 3-орын үшін матчтар сериясында жеңген команда Чемпионаттың қола жүлдегері атанады.

1.2.14. 3-орын үшін матчтар сериясында жеңілген команда Чемпионаттың қорытынды кестесінде 4-орын алады.

1.2.15. 5-орыннан бастап төменгі орындар Чемпионаттың тұрақты маусымының қорытындысы бойынша бөлінеді.

1.2.16. Чемпионат бір кезеңде өткізілген және форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда командалардың орындары өткізілген барлық матчтарда жинаған ұпайларының ең көп сомасына қарай анықталады. Чемпион, күміс және қола жүлдегерлер тұрақты маусым қорытындысы бойынша анықталады.

1.3 Нәтижесі жойылған матчтар мен өткізілмеген Чемпионат матчтарының қорытындыларын есепке алу

1.3.1. Осы Регламентке сәйкес Чемпионат матчының нәтижесі жойылып, бір мезгілде командалардың біріне 0:5 есебімен техникалық жеңіліс жазылуға тиіс жағдайларда мына қағидалар қолданылады:

1.3.2. Егер матч өткізілсе, соңына дейін ойналса және техникалық жеңіліс жазылуға тиіс команда негізгі уақытта жеңілген болса, матч нәтижесі жойылмайды және бастапқы күйінде сақталады.

1.3.3. Егер матч өткізілсе, бірақ соңына дейін ойналмаса не өткізілсе және соңына дейін ойналса, бірақ техникалық жеңіліс жазылуға тиіс команда негізгі уақытта жеңілмесе, онда:

- матч нәтижесі жойылады;
- бұзушылыққа жол берген командаға 0:5 есебімен техникалық жеңіліс жазылады, оған ұпай есептелмейді;
- қарсылас командаға 5:0 есебімен техникалық жеңіс жазылады және 2 ұпай есептеледі.

1.3.4. Осы матчта тіркелген хоккейшілердің жеке статистикасы толық көлемде сақталады.

1.3.5. Егер матч командаларға байланысты емес себептермен өткізілмесе, командаларға ұпай есептелмейді, ал матчтар өткізілмеген деп танылады.

1.4 Техникалық жеңілістердің нәтижелерін есепке алу

1.4.1. Командалардың Чемпионаттағы орындарын анықтау үшін соғылған және өткізілген шайбалар айырмасын есептеген кезде осы Регламент ережелеріне сәйкес бір командаға 0:5 есебімен техникалық жеңіліс, ал екіншісіне 5:0 есебімен техникалық жеңіс жазылған матчтардағы шайбалар есепке алынбайды.

1.5 Чемпионаттың ресми кестелерінің нысаны

1.1.1. Чемпионаттың тұрақты маусымының бірінші кезеңінде командалардың ағымдағы жағдайын ҚХФ әр матчтан кейін Чемпионат нәтижелерінің ресми кестелері түрінде айқындайды, онда кестелер жасалған сәттегі жағдай бойынша мыналар көрсетіледі:

- бірінші бағанда – Чемпионатқа қатысатын командалардың орындарының нөмірленуі, спорттық нәтижелердің кему ретімен;
- екінші бағанда – Чемпионатқа қатысатын командалардың ресми атаулары, алған орындарына сәйкес спорттық нәтижелердің кему ретімен;
- үшінші бағанда – командалар ойнаған матчтар саны;
- төртінші бағанда – командалардың Чемпионат матчтарының негізгі уақытындағы жеңістерінің саны;
- бесінші бағанда – командалардың овертаймдағы жеңістерінің саны;
- алтыншы бағанда – командалардың матчтан кейінгі соққылар серияларының нәтижелері бойынша жеңістерінің саны;
- жетінші бағанда – командалардың матчтан кейінгі соққылар серияларының нәтижелері бойынша жеңілістерінің саны;
- сегізінші бағанда – командалардың овертаймдағы жеңілістерінің саны;
- тоғызыншы бағанда – командалардың Чемпионат матчтарының негізгі уақытындағы жеңілістерінің саны;
- оныншы бағанда – соғылған және өткізілген шайбалар саны;
- он бірінші бағанда – жинаған ұпайлар саны.

1.6 Түпкілікті нәтижелерді анықтау

1.6.1. Чемпионаттың түпкілікті нәтижелерін ҚХФ ағымдағы маусымның 30 сәуірінен кешіктірмей бекітеді.

1.6.2. Чемпионаттың ресми нәтижелері барлық қатысқан Хоккей клубтарына хабарланады және ҚХФ сайтында ресми кесте түрінде жарияланады.

2-БАП. ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ҮЗДІК ОЙЫНШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ

2.1. Чемпионат жеңімпазын марапаттау рәсімі

2.1.1. Чемпионаттың Плей-офф финалдық сериясындағы Қазақстан Республикасының Чемпионы анықталатын шешуші матч аяқталғаннан кейін матчқа қатысқан екі команда да Чемпионатты жабу рәсіміне қатысу үшін хоккей алаңында қалады.

2.1.2. Чемпионатты жабу рәсімінің сценарийі мен өткізу тәртібін ҚХФ айқындайды және Чемпионаттың Плей-офф финалдық сериясы басталғанға дейін командалары серияға қатысатын Хоккей клубтарына хабарлайды.

2.1.3. Рәсімді ҚХФ уәкілетті өкілдері және ҚХФ рәсімді өткізу үшін тартқан тұлғалар жүргізеді.

2.2. Наградалар

2.2.1. Қазақстан Республикасының Чемпионы – команда мыналармен марапатталады:

- Қазақстан Республикасы Чемпиондарының ауыспалы Кубогымен;
- алтын медальдармен.

2.2.2. Қазақстан Республикасы Чемпиондарының ауыспалы Кубогын ҚХФ өкілі Чемпионатты жабу рәсімі кезінде чемпион команданың капитанына табыстайды.

2.2.3. Чемпионатты жабу рәсімі аяқталғаннан кейін бір сағаттан кешіктірмей чемпион команданың Хоккей клубының басшысы мен ҚХФ уәкілетті өкілі Қазақстан Республикасы Чемпиондарының ауыспалы Кубогын Хоккей клубына жауапты сақтауға қабылдау-тапсыру актісін ресімдеуге міндетті.

2.2.4. Қазақстан Республикасы Чемпиондарының ауыспалы Кубогы жауапты сақтауда болған кезеңде Хоккей клубы міндетті:

- оны сақтау мен тасымалдаудың тиісті жағдайларын қамтамасыз етуге;
- қажет болған жағдайда Кубокты сақтандыруға;
- ҚХФ-ға жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына байланысты барлық шығындарды өтеуге.

2.2.5. Ауыспалы Кубок жауапты сақтауда болған кезеңде оның жай-күйін кез келген өзгертуге (жазулар, жапсырмалар қою, зақымдау және т.б. қоса алғанда) қатаң тыйым салынады.

2.2.6. Ағымдағы маусымның 10 қаңтарынан кешіктірмей Хоккей клубы Қазақстан Республикасы Чемпиондарының ауыспалы Кубогын қабылдау-тапсыру актісі бойынша ҚХФ-ға қайтаруға міндетті.

2.2.7. Ағымдағы жылдың 31 мамырынан кешіктірмей ҚХФ уәкілеттік берген ұйым:

- ауыспалы Кубокқа алдыңғы маусымның чемпион командасының атауын жазады;
- қажет болған жағдайда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізеді.

2.2.8. Қазақстан Республикасы Чемпиондарының алтын медальдары мен дипломын (плакеткасын) ҚХФ өкілі Қазақстан Республикасының Чемпионы – команданың хоккейшілеріне, жаттықтырушылары мен басшыларына Чемпионатты жабу рәсімінде («Плей-офф» үшінші кезеңінің бірінші орын үшін сериясының соңғы матчынан кейін) табыстайды.

2.2.9. Алтын медальдармен (саны 50 дана) марапатталады:

- Чемпионат аяқталған күндегі Қазақстан Республикасының Чемпионы – команданың өтінімінде көрсетілген жаттықтырушылар;
- Чемпионат аяқталған күндегі Қазақстан Республикасының Чемпионы – команданың өтінімінде көрсетілген хоккейшілер;
- хоккей клубы басшылығының ҚХФ-ға жіберген ұсынуы бойынша хоккей клубының үш басшысы мен бес өзге өкілі.

2.2.10. Күміс медальдар мен дипломды (плакетканы) ҚХФ өкілі екінші орын алған команданың хоккейшілеріне, жаттықтырушылары мен басшыларына Чемпионатты жабу рәсімінде («Плей-офф» үшінші кезеңінің бірінші орын үшін сериясының соңғы матчынан кейін) табыстайды.

2.2.11. Күміс медальдармен (саны 50 дана) марапатталады:

- Чемпионат аяқталған күндегі Чемпионаттың күміс жүлдегері – команданың өтінімінде көрсетілген жаттықтырушылар;
- Чемпионат аяқталған күндегі Чемпионаттың күміс жүлдегері – команданың өтінімінде көрсетілген хоккейшілер;
- хоккей клубы басшылығының ҚХФ-ға жіберген ұсынуы бойынша хоккей клубының үш басшысы мен бес өзге өкілі.

2.2.12. Қола медальдар мен дипломды (плакетканы) ҚХФ өкілі үшінші орын алған команданың хоккейшілеріне, жаттықтырушылары мен басшыларына «Плей-офф» үшінші кезеңінің үшінші орын үшін сериясының соңғы матчынан кейін табыстайды.

2.2.13. Қола медальдармен (саны 50 дана) марапатталады:

- Чемпионат аяқталған күндегі Чемпионаттың қола жүлдегері – команданың өтінімінде көрсетілген жаттықтырушылар;
- Чемпионат аяқталған күндегі Чемпионаттың қола жүлдегері – команданың өтінімінде көрсетілген хоккейшілер;
- хоккей клубы басшылығының ҚХФ-ға жіберген ұсынуы бойынша хоккей клубының үш басшысы мен бес өзге өкілі.

2.2.14. Чемпионаттың тұрақты бөлігінің қорытындысы бойынша ҚХФ үздік ойыншыларды анықтап, жеке жүлделермен марапаттайды:

- Үздік шабуылшы;
- Үздік қорғаушы;
- Үздік қақпашы;

2.2.15. Плей-офф сериялардың матчтары қорытындысы бойынша ҚХФ Плей-оффтың ең пайдалы ойыншысын – MVP анықтайды.

2.2.16. Тұрақты чемпионат қорытындысы бойынша бірінші орын алған команда Тұрақты чемпионат жеңімпазының дипломымен (плакеткасымен) марапатталады.

2.2.17. Барлық марапаттау өнімдері клубтар Чемпионатқа қатысу үшін төлеген өтінім жарналары есебінен сатып алынады.

6-ТАРАУ. НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

1-БАП. НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ ТӘРТІБІ МЕН НЕГІЗДЕРІ

1.1 Наразылық білдіру негіздері

Матчқа қатысқан командалардың бірінің Хоккей клубының басшылығы бір мезгілде мына негіздер болған жағдайда ҚХФ-ға наразылық беруге құқылы:

1.1.1 Осы Регламенттің және/немесе Хоккей ойынының қағидаларының талаптары елеулі бұзылғандықтан өткізілген матчтың нәтижесін жою.

1.1.2 Матчты қайта өткізуді тағайындау немесе командалардың біріне техникалық жеңіліс жазу.

1.2 Наразылық беру қағидалары

1.2.1. Матч нәтижесіне наразылық білдіруге ниетті Хоккей клубы матч аяқталғаннан кейін Матчтың ресми хаттамасына наразылық беру ниеті туралы, оның негіздерін қысқаша көрсете отырып белгі қоюға міндетті. Мұндай белгіні Хоккей клубының басшысы не команданың бас жаттықтырушысы енгізеді.

1.2.2. Матчтың бас төрешісі Матчтың ресми хаттамасына наразылық беру ниеті туралы белгі енгізілгені жөнінде ҚХФ тиісті бөлімшесіне дереу хабарлауға міндетті.

1.2.3. Хоккей клубы жазбаша наразылықты матч аяқталғаннан кейін 2 (екі) сағат ішінде Республикалық жарыстарды өткізу департаментіне жібереді.

1.2.4. Наразылықта Хоккей клубы матч нәтижесін жоюды сұрайтын мән-жайлар мен негіздер осы Регламенттің және (немесе) Хоккей ойынының қағидаларының ережелеріне сілтеме жасай отырып қамтылуға тиіс.

1.2.5. Наразылыққа мыналар қоса беріледі:

- Хоккей клубының пікірінше, мәлімделген талаптарды растайтын матчтың даулы эпизодтарының бейнежазбалары, құжаттар мен өзге материалдар;
- наразылықты қарау құнының Қатысу туралы шартта белгіленген мөлшерде және тәртіппен төленгенін растайтын құжат не Хоккей клубының басшысы мен бас бухгалтері (немесе өзге уәкілетті тұлғасы) қол қойған, 3 (үш) банк күні ішінде төлеу міндеттемесін қамтитын кепілдік хаты.

1.3 Наразылықты қараудан бас тарту негіздері

1.3.1. ҚХФ қабылдамайды және қараусыз қалдырады:

- уақтылы берілмеген наразылықтарды;
- матчтың ресми хаттамасында тіркелмеген наразылықтарды;
- қарау үшін ақы төленбеген немесе үш банк күні ішінде төлеу кепілдігі көрсетілген наразылықты төлеу туралы кепілдік хат алынбаған наразылықтарды;

- матч төрешілігінің сапасына қатысты талаптарға негізделген, оның ішінде «ойыннан тыс» жағдайды, шайбаны алысқа тастауды, шайба тастау орындарын анықтаудағы, айып салудағы, қақпаға шайба соғуды анықтаудағы төрешілік бұзушылықтарға негізделген наразылықтарды;
- нысанасы матч нәтижесін жою болып табылмайтын наразылықтарды.

1.4 Наразылықты кері қайтарып алу

1.4.1. Егер наразылық беруші ҚХФ наразылық бойынша шешім қабылдағанға дейін оны кері қайтарып алса, наразылықты қарау үшін төленген қаражат берушіге қайтарылмайды, ал наразылықты қарау шешім шығарылмай аяқталады.

1.5 Наразылықты қарау тәртібі

1.5.1 Наразылықты қарау кезінде ҚХФ өз қалауы бойынша құқылы:

- өз отырыстарына мүдделі тараптарды шақыруға;
- матчтың бейнежазбасын пайдалануға;
- қолда бар құжаттар мен материалдар наразылықты мәні бойынша шешу үшін жеткілікті болса, мүдделі тараптарды тыңдамай, солардың негізінде шешім қабылдауға.

1.6 Наразылықты қарау нәтижелері

1.6.1 Наразылықты қарау нәтижелері бойынша шешім жазбаша түрде шығарылады және оның уәждеу бөлігінде шешім шығарылған негіздер қамтылуға тиіс. Наразылықты қарау нәтижелері бойынша шешім дереу күшіне енеді, командалары матчқа қатысқан Хоккей клубтарына хабарланады және ҚХФ ресми интернет-ресурсында жарияланады.

1.6.2 Наразылықтарды қарау нәтижелері бойынша қабылданған ҚХФ шешімдері қабылданған сәттен бастап күшіне енеді және Чемпионаттың барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылады. ҚХФ шешімдеріне шағым жасау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

№1 ҚОСЫМША

ҚЫЗДАР КОМАНДАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ QYZDAR HOKEI LIGASY ЧЕМПИОНАТЫ РЕГЛАМЕНТІНЕ №1 ҚОСЫМША ХОККЕЙШІЛЕРГЕ, ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРҒА ЖӘНЕ КОМАНДА ӨКІЛДЕРІНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘРТІПТІК БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН САНКЦИЯЛАР ТІЗБЕСІ

1-бап. Тәртіптік санкциялар

Хоккей ойынының қағидалары және Тәртіптік бөлімнің ережелері

1.1 Хоккей клубтарының басшылары, хоккейшілер, жаттықтырушылар, команданың қызмет көрсетуші персоналы және Хоккей клубтарының өзге ресми тұлғалары хоккей маусымы басталар алдында Хоккей ойынының қағидаларымен (Төрешілік жөніндегі нұсқаулықпен) және олардың соңғы өзгерістерімен, сондай-ақ Спорттық және Тәртіптік бөлімдердің талаптарымен және Бұзушылықтар мен қосымша жазалар тізбесімен танысуға міндетті.

1.2 Таныстыруды ұйымдастыруды, өткізуді және хаттамасын рәсімдеуді Хоккей клубы жүзеге асырады. Хоккей клубының осы хаттаманы ҚХФ-ға ұсынуы командаңың Чемпионатқа қатысу өтінімін берудегі негізгі шарттардың бірі болып табылады.

2-бап. Хоккейшілер мен Хоккей клубтарын шеттету және оларға айыппұл салу

2.1 Регламенттің осы бөліміне сәйкес хоккейшілер мен Хоккей клубтарының ресми өкілдеріне салынған тәртіптік санкциялар, айыппұлдар және шеттетулер бұзушының бұрынғы клубында қалуына немесе басқа клубқа ауысуына қарамастан келесі хоккей маусымына автоматты түрде ауыстырылады.

2.2 Чемпионат матчтарында болған барлық бұзушылықтар мен оқиғаларды ҚХФ қарайды.

2.3 IIHF Хоккей ойынының қағидаларында көзделген санкциялардан бөлек, ҚХФ ойыншыларға (оның ішінде нақты матчқа қатыспағандарға), жаттықтырушыларға және Хоккей клубтарының өкілдеріне қосымша тәртіптік санкциялар қолдануға құқылы.

2.4 Регламенттің осы Тәртіптік бөлімі Чемпионат матчтарында жасалған, олар үшін ҚХФ IIHF Хоккей ойынының қағидаларында (Төрешілік жөніндегі нұсқаулықта) көзделген санкциялардан бөлек қосымша санкциялар қолдана алатын бұзушылықтар тізбесін белгілейді.

2.5 Шеттету түрлері:

- Белгілі бір кезеңге шеттету – белгіленген мерзім ішінде кез келген матчтар мен жарыстарға қатысуға тыйым салу.
- Матчтан шеттету – бір немесе бірнеше нақты матчқа қатысуға тыйым салу. Ол міндетті немесе қосымша болуы мүмкін.

2.6 Матчтан міндетті және қосымша шеттетулер ретімен қолданылады: алдымен міндетті, содан кейін қосымша шеттету өтеледі.

2.7 Регламенттің осы бөлімінде және Қатысу туралы шартта көзделген жағдайларда матчтан міндетті және/немесе қосымша шеттетуді ақшалай айыппұлмен ауыстыруға болады. Бір матчтан шеттетуді ауыстыру үшін айыппұл мөлшері Қатысу туралы шартта айқындалады.

2.8 Ақшалай айыппұл бұзушы командасының ең жақын матчы өткізілетін күннен кешіктірмей төленуге тиіс.

№	Қағидаларды бұзушылықтар тізбесі	Айып (мин)	Шеттету Матчтар саны міндетті/қосымша	Ескертпе (Айыппұл мөлшері әрбір жеке матч үшін Қатысу туралы шартта айқындалады)
1. Үлкен айып пен матч соңына дейінгі тәртіптік айып салынған ойыншы:				
1.1	Кедергі келтіру	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.2	Басқа немесе мойынға шабуыл жасау	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.3	Жоғары көтерілген таяқпен ойнау	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.4	Қарсыласты таяқпен іліп ұстау	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.5	Қарсыласты ұстап қалу	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.6	Таяқпен шаншу	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен

				ауыстыруға рұқсат етіледі
1.7	Қарсыласты тіземен ұру	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.8	Қарсыласқа дұрыс емес шабуыл жасау	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.9	Төменнен қағу	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.10	Аяқтан шалу	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.11	Таяқпен итеру	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.12	Бортқа итеру	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.13	Баспен ұру	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.14	Таяқпен ұру	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.15	Таяқтың ұшымен ұру	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.16	Шынтақпен ұру	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.17	Аяқпен ұру	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.18	1.1 – 1.17-т. көрсетілген әрекеттерді жасайтын, қарсыласының қауіпсіздігін елемейтін, соның салдарынан қарсыласы жарақат алуы мүмкін ойыншы.	5+20	2/2	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.19	1.1 – 1.17-т. көрсетілген әрекеттерді жасайтын, қарсыласының қауіпсіздігін елемейтін, соның салдарынан қарсыласы жарақат алатын ойыншы.	5+20	3/3	Шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға жол берілмейді
Мына айыптар салынған ойыншы: **Кіші, Үлкен, Тәртіптік, матч соңына дейінгі Тәртіптік айып, Кіші айып пен матч соңына дейінгі Тәртіптік айып:**				
1.20	Бір Матчтағы екінші Үлкен айып (5 минут) үшін автоматты түрде Матч соңына дейінгі Тәртіптік айыппен жазаланған	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі

1.21	Бір Матчта екінші Тәртіптік айыппен (10 минут) жазаланған	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.22	Өзі үшін Тәртіптік айыппен (10 минут) жазаланған әрекеттерді жасауды жалғастырады	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.23	Төрешінің атын кез келген қатты айтылған сөздермен бірге қолданады немесе Төрешіге не басқа біреуге қатысты әдепсіз, балағат немесе қорлайтын сөздерді пайдаланады	20	1/1	Шеттетулерді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.24	Төрешіге немесе басқа біреуге қатысты нәсілдік қорлау сөздерін немесе жыныстық сипаттағы пікірлерді пайдаланады	20	3/0	Шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға жол берілмейді
1.25	Кез келген жабдықты немесе өзге затты ойын алаңынан тыс жерге лақтырады	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.26	Кез келген жабдықты немесе өзге затты қарсыласқа (Хоккейшіге немесе команданың ресми өкіліне) лақтырады	20	2/1	Шеттетулерді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.27	Төрешінің шешіміне дау айту үшін өзінің айып уақыты аяқталғанға дейін айып салынған Ойыншылар орындығынан кетеді	2+20	1/1	Шеттетулерді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.28	Төбелесті немесе қақтығысты қоздыру не оған қатысу үшін бір немесе екі командадан бірінші не екінші болып Ойыншылар орындығынан кетеді	20	1/1	Шеттетулерді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.29	Төбелесті немесе қақтығысты қоздыру не оған қатысу үшін айып салынған Ойыншылар орындығынан кетеді	2+20	1/1	Шеттетулерді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.30	Төрешіге қатысты кез келген нысанда әдейі дене күшін қолданады	20	5/0	Шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға жол берілмейді
1.31	Кез келген жабдықты немесе өзге затты Төрешіге қарай лақтырады	20	1/0	Шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға жол берілмейді
1.32	Төрешіге немесе басқа біреуге қатысты: түкіреді немесе әдейі қанмен былғайды	20	3/0	Шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға жол берілмейді
1.33	Төрешіге немесе кез келген тұлғаға қатысты әдепсіз, балағат немесе қорлайтын кез келген қимылды қолданады	20	1/0	Шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға жол берілмейді
1.34	Қарсыласын тістейді	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.35	Көрерменмен қақтығысқа түседі, Көрерменге дене күшімен әсер етеді, Көрерменді тістейді, Көрерменге кез келген затты лақтырады	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.36	Қандай да бір түрде жарақатқа әкеп соғуы мүмкін әрекеттер жасайды қарсылас команданың Хоккейшісіне немесе ресми өкіліне	20	2/2	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.37	Қарсыласын ұру үшін «блокерді» пайдаланады (қақпашы) және бұл әрекет жарақат алу қаупін тудырады	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі

1.38	Бас төрешінің киім ауыстыру бөлмесіне бару туралы нұсқауынан кейін мұзға немесе Ойыншылар орындығына қайтып келеді	20	1/1	Шеттетулерді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.39	Бір Матчта тыйым салынған жабдықты қайта пайдаланады	20	1/1	Шеттетулерді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.40	Бас төрешіге өлшеу үшін өз жабдығын беруден бас тартады	20	1/1	Шеттетулерді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.41	Матчтың кез келген қатысушысының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін және қолданыстағы Хоккей ойынының қағидаларымен реттелмеген әрекетті жасайды	20	3/3	Шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға жол берілмейді
1.42	Әртүрлі матчтарда екінші және әрбір кейінгі матч соңына дейінгі Тәртіптік айыппен жазаланған	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.43	Симуляция үшін кіші айыппен (2 минут) жазаланған	2	0/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.44	Әртүрлі матчтарда екінші және әрбір кейінгі Үлкен айыппен жазаланған	5	0/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.45	Қапа тағуға тиіс, бірақ ойын кезінде оны тақпайды	10	0	Шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға жол берілмейді
1.46	Хоккей ойынының қағидаларына сәйкес келмейтін бет қорғанышын тағады	10	0	Шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға жол берілмейді
1.47	Әртүрлі матчтарда екінші және әрбір кейінгі Тәртіптік айыппен жазаланған	10	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
Мына айыптар салынған ойыншы: **матч соңына дейінгі Тәртіптік айыппен,** **Кіші айып пен матч соңына дейінгі Тәртіптік айыппен,** **Үлкен айып пен матч соңына дейінгі Тәртіптік айыппен,** **Кіші айып пен Үлкен айып пен Тәртіптік айыппен, Кіші айып пен Үлкен айып пен матч соңына дейінгі Тәртіптік айыппен,** **Кіші айып пен Үлкен айып пен Тәртіптік айып пен матч соңына дейінгі Тәртіптік айыппен,**				
1.48	Төбелесті бастаушы деп танылған	2+5+10	0/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.49	Бір Матчта қайтадан төбелесті бастаушы деп танылған	2+5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.50	Матчтың соңғы 5 минутында немесе қосымша уақытта төбелесті бастаушы деп танылған	2+5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.51	Төбелестегі агрессор деп танылған	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.52	Төбелесті бастаушы және бір мезгілде агрессор деп танылған	2+5+10+20	1/2	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен

				ауыстыруға рұқсат етіледі
1.53	Бас төрешінің аталған әрекеттерді тоқтату туралы нұсқауынан кейін қақтығысты немесе төбелесті жалғастыруға не жалғастыруға әрекет жасауға табандылық танытады немесе Сызықтық төрешінің міндеттерін орындауына қарсылық көрсетеді	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.54	Ойын алаңынан тыс жерде тұрып немесе ойын алаңынан тыс жердегі қарсыласпен төбелеске қатысады	20	2/2	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.55	Ойын алдындағы қыздыру жаттығуы кезінде қызыл сызықты кесіп өтетін немесе өз әрекеттерімен қарсыласын арандататын ойыншы не ойыншылар	20	0/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.56	Ойын алдындағы қыздыру жаттығуы кезінде қызыл сызықты кесіп өтіп, соның нәтижесінде қақтығысқа немесе төбелеске әкеп соғатын ойыншы не ойыншылар	20	2/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.57	Командалардың ойын алдындағы қыздыру жаттығуы кезінде қақтығысқа немесе төбелеске қатысатын	20	2/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.58	Командалардың ойын алдындағы қыздыру жаттығуы кезінде қақтығысты немесе төбелесті бастаушы деп танылған	20	2/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.59	Матч басталғанға дейін, үзілістер кезінде немесе Матч аяқталғаннан кейін ойын алаңында төбелеске қатысады	5+20	2/2	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.60	Ештеңеден күдіктенбейтін немесе төбелескісі келмейтін қарсыласын ұрады және оны жарақаттауы мүмкін	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.61	Қолдарында таңғыш таспаны немесе кез келген өзге материалды пайдаланып, қақтығыс кезінде қарсыласына тілік жарақаттарын немесе өзге жарақаттарды келтіреді	5+20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
1.62	Қақтығысқа қатысар алдында өз жейдесін әдейі шешеді	2+20	0/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
	Мына әрекеттерді жасайтын бас жаттықтырушыға, жаттықтырушыға не команда өкіліне қолданылатын жазалар:			
2.1	Ойын алаңында немесе одан тыс жерде қақтығысқа қатысады	20	2/2	Шеттетулерді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
2.2	Ойын алаңында немесе одан тыс жерде төбелеске қатысады	20	5/5	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
2.3	Мұз айдынында немесе одан тыс жерде қақтығысты, төбелесті бастаушы деп танылған	20	5/5	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі

2.4	Төрешінің атын кез келген қатты айтылған сөздермен бірге қолданады немесе әдепсіз, балағат немесе қорлайтын сөздерді пайдаланады Төрешіге немесе басқа біреуге қатысты	20	0/3	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
2.5	Кез келген кезеңнің басталуы мен аяқталуы арасындағы кез келген уақытта мұзға шығады	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
2.6	Төрешіге немесе басқа біреуге қатысты нәсілдік қорлау сөздерін немесе жыныстық сипаттағы пікірлерді пайдаланады	20	5/0	Шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға жол берілмейді
2.7	Төрешіге қатысты: кез келген нысанда дене күшін қолданады, ұстап қалады, кез келген жабдықты немесе өзге затты лақтырады	20	3/0	Шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға жол берілмейді
2.8	Төрешіге немесе басқа біреуге қатысты: түкіреді немесе әдейі қанмен былғайды, кез келген әдепсіз, балағат немесе қорлайтын қимылды көрсетеді	20	2/3	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
2.9	Көрменмен қақтығысқа түседі, Көрменге дене күшімен әсер етеді, Көрменді тістейді, Көрменге кез келген затты лақтырады	20	3/3	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
2.10	Қандай да бір түрде Хоккейшінің немесе қарсылас командаңың ресми өкілінің жарақат алуына әкеп соғуы мүмкін әрекеттер жасайды	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
2.11	Матчты бастаудан немесе қайта жалғастырудан бас тартқан командаңың жаттықтырушысы	20	1/3	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
2.12	Айып соққысын орындайтын алаң Ойыншысының әрекеттеріне араласады немесе оның назарын аударуға тырысады және осындай әрекеттер салдарынан соққы нәтижесіз болады	20	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
2.13	Мұзға бөгде заттарды лақтыратын	2	1/1	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі
2.14	Мынадай ойыншылары бар командаңың жаттықтырушысы: а) бір немесе бірнеше матч бойы төбелес үшін бірнеше рет айыппен жазаланатын; б) қарсыласын арандатып, соның нәтижесінде бір немесе бірнеше матчта қайталанған немесе жаппай төбелестерге әкеп соғатын.	20	2/3	Қосымша шеттетуді айыппұл төлеумен ауыстыруға рұқсат етіледі